



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС БЕКИ ТҮСЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің шақыруымен Ташкентке мемлекеттік сапармен барды.

«Ташкент-Хумо» әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет карауылы сап түзеді. Мемлекет басшысын Президент Шавкат Мирзиёев қарсы алды.

Бұдан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан мен Өзбекстан-

нын әнұрандары шырқалып, Құрмет карауылының бастығы рапорт берді.

Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары бір-біріне екі елдің ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Сапар бағдарламасына сәйкес алдағы бүгін президенттер келіссөздер жүргізеді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің төрағалығымен Қазақстан-Өзбекстан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысы өтеді.

Мемлекеттер басшылары «Ташкент-Хумо» әуежайында әңгімелесіп, қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі тереңдету жөнінде пікір алмасты.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумына қатысты.

Дәстүрлі жиынға 2 мыңнан астам адам, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, салалық қауымдастықтар мен халықаралық ұйымдар өкілдері, инвесторлар, ардагерлер, сондай-ақ аграрлық сала мамандықтарында оқып жатқан студенттер жиналды.

Алдымен Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне ризашылығын білдірді.

— Ең алдымен, барша ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын деймін. Бұл шын мәнінде, нағыз еңбек адамдарының мейрамы екені сөзсіз. Дикандар, мал шаруашылығы мамандары, шаруалар — бәрі де еліміздің өсіп-өркен-

деуіне зор үлес қосуда. Қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Ауыл шаруашылығы — экономикамыздың стратегиялық мәні айрықша саласы. Бүгін, міне, ауыл шаруашылығына арналған екінші форумды өткізіп жатырмыз. Алқалы жиынға ауыл-аймақтардан көптеген білікті мамандар арнайы келіп, қатысып отыр. Сондықтан бүгінгі форумды жалпыұлттық ауқымдағы басқосу деуге болады. Жаңа сөз сөйлеген азаматтар салмақты ойларын айтты, ұсыныстарды мұқият қарап, міндетті түрде ескеру қажет, — деді Президент.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

ИБРАҒИМ КЕЛІСІМІ – СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ ЖАҢА ҚЫРЫ



Бұл келісімге қосылу арқылы Қазақстан аймақтық кикілжіңдерді реттеу стратегиясының жаңа ойыншысына айналу мүмкіндігі зор. Ал бұл бастаманы Орталық Азия елдерінен Қазақстанның бірінші болып қолдауы еліміздің континенттік деңгейдегі лидерлік рөлін арттыра түсері сөзсіз.

→ 13

«КӨРІНБЕЙТІН» ҚАҺАРМАНДАР



Біздің Nomad Stunts жігіттерін баяғыда әлем мойындап қойған. Кезінде оларды Түркия өзіне шақырды. Енді қазір экшн сериалдарында аттың үстіндегі экшн-сахнаны түсіріп жүр. Шетелдік сериалдар мен фильмдерде полицейлердің мықты, жылдам әрекет ететін физикалық образы көркем көрсетіледі.

→ 16

БАСПАСӨЗ-2026

AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
2026 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	16 910,16 33 820,32	13 622,64 27 245,28
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	9 372,64 18 745,28	

KAZPOST

Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Алдымызда цифрлық технологиялар және жасанды интеллект элементтерінің көмегімен мемлекеттің бидай қорын есепке алатын және бақылайтын тиімді жүйе құру міндеті тұр. Ол үшін қолданыстағы астық қамбаларын жаңғыртып, заманауи элеваторлар салу қажет. Бидайды қабылдауды және жөнелтуді есепке алатын электрондық жүйенің болуы жеке элеваторлар құрылысын қаржыландыру бағдарламасының мін-

рын тарту жұмысын тездету қажет. Тиісті жобалар аз емес, олардың бірнешеуімен жиын алдында таныстым, бірақ бір жерде тоқтап қалуға болмайды.

Агроөнеркәсіп кешенінің басты бағыттары бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажет. Аса маңызды міндеттің бірі — жеке инвестиция тарту жұмысы. Әсіресе, озық технологиясы бар шетел инвесторларын елге әкеліп, оларға қолайлы



детті бір шарты болуға тиіс. Бүгінде көптеген шаруалар технологиялық жаңашылдықты (смарт-ферма, агродрон, жер серігі технологиясы және ЖИ) белсенді қолдана бастады. Бірақ жалпы ел көлемінде қандай да бір жүйелі өзгерістер болып жатыр деп айтуға әлі ерте, — деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешеніндегі ақпараттық жүйелерді интеграциялауды тапсырды.

— Жекелеген «ақылды» шешімдерден толық цифрландырылған агроөндіріске көшу керек. Әрбір шаруашылық цифрлық технологияларды пайдалануға ниетті болғаны жөн. Мемлекеттік қолдау өндіріске инновацияны, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын енгізіп жатқан кәсіпорындарға берілуі қажет. Агроөнеркәсіп кешеніндегі ақпараттық жүйелерді оңтайландыруды жалғастырған дұрыс. Қазір олардың арасында байланыс мүлде жоқ деуге болады. Көп жағдайда шешімдер қате статистика негізінде қабылданады. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының нәтижесі саладағы нақты жағдайды көрсетуге тиіс. Жинақталған мәліметтер агро-сектордағы цифрлық жүйелерді одан әрі дамыту мен жаңғыртуға негіз болады.

Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, салалық ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, сондай-ақ мәліметтер сапасын тұрақты түрде бақылауға алуы керек. Электронды агроөнеркәсіп кешені платформасының базасында саланы кешенді басқаруға ықпал ететін ауыл шаруашылығы мәліметтерінің бірыңғай архитектурасын қалыптастырған дұрыс, — деді Президент.

Мемлекет басшысы терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру қажет екенін, себебі еліміздегі агроөнеркәсіп кешені көбіне шикізат шығарумен шектеліп отырғанын ашық айтты.

— Ауыл шаруашылығын жоғары технологияға негізделген озық сала ретінде дамыту — маңызды міндет. 2023 жылы агроөнеркәсіптегі өңделген өнімнің үлесі небәрі 35 пайыз еді. Ал биыл 50 пайыз болды. Келесі жылы 70 пайызға толық жетуі керек. Қазір бұл салаға шетел инвесторла-

жағдай жасау қажет. Жолдауда «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай болуы керек деп айттым. Үкімет агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 200-ден астам инвестициялық жобаның тізімін жасады. Жалпы құны шамамен 4 триллион теңге (үш жылда) болатын бұл жобалар 12 бағыт бойынша жасалған. Енді осы жобаларға барлық деңгейде қолдау көрсетілуі керек, яғни орталық та, аймақтар да осы жұмысқа белсенді түрде қатысуы керек. Жобалардың қашан және қалай жүзеге асырылатынын мұқият ойластырған жөн. Әкімдіктер және министрліктер жедел әрі үйлесімді жұмыс істеуі қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент отандық өнімдерді халықаралық нарыққа көптеп шығару керегін айтты. Еліміз астық экспорты бойынша әлемдегі жетекші 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар ұн экспорттау ісінде көш бастап тұр. Қазақстан астығы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан елдері секілді дәстүрлі нарықтармен қатар Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Солтүстік Африкаға, атап айтқанда, Бельгия, Португалия, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам, Марокко, Алжир мемлекеттеріне де жеткізіле бастады. Бұл астық экспорты географиясының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

— Еліміз майлы дақылдар мен өсімдік майын да көптеп сыртқа шығара бастады. Өткен жылы біз халықаралық нарыққа 18 мың тоннаға жуық қой етін шығарып, осы сала бойынша 10 озық мемлекеттің қатарына ендік. Дегенмен әлеуетіміз бұдан да мол. Жалпы, агроөнеркәсіп кешені өнімдерінің экспорты 5 миллиард доллардан асады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің 200-ден астам түрі 70 мемлекетке экспортталады.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі әлеуетіміз бұл көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Оның үстіне, әлемде экологиялық тұрғыдан таза азық-түлік өнімдеріне сұраныс артып келеді. Сондықтан стратегия дұрыс түзілсе, «Qazaq OrganicFood» бренді халықаралық нарықта лайықты орнын алады. Елімізде органикалық өнімдер шығару стандарттары бекітілді. Осы бағыттағы жүйелі жұмысты жалғастыру қажет. Брендтерімізді кеңінен

насихаттауға барынша қолдау көрсету — салалық құрылымдар мен елшіліктердің міндеті, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа үздіксіз жеткізу үшін әуе тасымалдау әлеуетін белсенді қолдануды тапсырды.

— Сарапшылардың болжауынша, алдағы 10 жылда әлемде мал етіне сұраныс 233 миллион тоннаға дейін ұлғаюы мүмкін. Қазақстан еттің осы түрін экспорттаушы ірі елдердің бірі бола алады. Алғашқы кезекте Азия елдерін қамтамасыз етуіміз керек. Қой етін экспорттауда еліміз Моңғолия, Нидерланд, Испания және Франция сияқты мемлекеттерден кейінгі орында тұр.

Бірақ бізде жайылымдық жер жеткілікті. Қой шаруашылығының экспорттық әлеуетін толық таныту үшін жағдай жасау қажет. Жолдауда аграрлық экспортты дамытудың жоспарын әзірлеу жөнінде міндет жүктедім. Бұл құжат логистиканы, ветеринариялық және фитосанитариялық стандарттарды, сондай-ақ сауатты маркетингтік стратегияны ескере отырып дайындалуы керек. Мәселен, Парсы шығанағы елдері біздің ет өнімдерін жыл бойы тасымалдауға ниетті. Бірақ бізде ауыл шаруашылығы өнімдерін әуе көлігімен тасымалдау ісі дұрыс үйлестірілмеген әрі тиісті деңгейде реттелмеген. Көп жағдайда кәсіпкерлер жүкті жеткізу мәселесін өздері шешуге мәжбүр. Бүгін маған тұрақты рейстермен Әмірліктерге ет жеткізіле бастағаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл тәжірибені аса дұрыс деп айта алмаймыз, — деді.

Сонымен қатар Президент Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Ақтау әуежайлары логистикасы дамыған әрі халықаралық әуе бағыттарымен интеграцияланған өңірлік хабқа айнала алатынын атап өтті. Оларға арнайы экономикалық аймақтар аясында артықшылықтар берілген. Әуежайлардың толық қуатында жұмыс істеуі ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа үздіксіз жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені Үкімет жан-жақты пысықтауы керек.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев саладағы маман тапшылығы мәселесін көтерді.

— Соңғы кездері ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден жұмыс күші жетіспейтіні жөнінде көп өтініш түсіп жатыр. Бұл түйткіл, әсіресе егін егу, жиын-терін науқанында, өндірісті кезейту немесе жана нысандар құрылысы кезінде қатты сезіледі.

Маман тапшылығы көршілес елдерден келетін еңбек мигранттары есебінен ішінара шешіледі. Шаруалар квотаны көбейтуді сұрайды. Олардың талабын ішінара орындауға болатын шығар. Бұл өзі қызық жағдай: бірі ауылда жұмыс жоқ десе, енді бірі жұмысшы жетіспейді деп шағымданады. Әрине, жұмыс бар, бірақ онымен шұғылданып отырған адам аз. Мұны мойындау керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент табысқа жеткен әрбір кәсіпкерді өз ауыл-аймағының өркендеуіне үлес қосуға шақырды.

— Тағы да қайталап айтқым келеді: ауыл шаруашылығы дамыса, ең алдымен ауылдың жағдайы жақсарады. Мемлекет ауыл-

аймақтарды көркейту үшін көптеген жобаларды қолға алды. Инфрақұрылым салудан бастап, ауылға білікті маман тарту мәселесіне дейін ауқымды жұмыс жүргізілуде. 2019 жылдан бері «Ауыл — ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба аясында ауыл инфрақұрылымын дамытуға 700 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Бүкіл ел бойынша 2,5 мыңнан аса елді мекенде нақты жұмыс атқарылды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 600-ден астам бірлестік құрылды. Үкімет биыл аймақтарды дамыту туралы арнайы тұжырымдама қабылдады. Соған сәйкес аудан әкімдерінің құзыры кеңейді. Енді олар ауданды дамыту жоспарын өз деңгейінде, дербес әзірлеп, жүзеге асыра алады. Әкімдер ірі компаниялармен келісім жасап, бірлескен шаруашылықтардың (кооперативтердің) өнімін өткізуге көмектесуі қажет. Жалпы, ауылға жеке инвестиция тарту өте маңызды. Бұл жұмысқа бизнес өкілдері белсене атсалысуы керек. Табысқа жеткен әрбір кәсіпкер өз ауыл-аймағының өркендеуіне үлес қосып, қаржы салса, еліміздегі көптеген елді мекен көркейе түсері анық. Еңбеккер, мақсаты айқын азаматтарымыз күнделікті маңдай терімен ұлттық байлығымызды еселеп, ел келешегінің жарқын болуына аянбай үлес қосуда. Мұндай іспен айналысып жатқан адамдарға қолайлы жағдай жасап, еліміздің шынайы патриоттарын ынталандырып отыру керек. Біз бұл шаруаны назардан тыс қалдырмаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Форумда Жұмысшы мамандықтары жылына орай еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсетілді. Мемлекет басшысының Жарлығымен еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін «Степное» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Ақтөбе облысы) директоры Аманжол Төлеуовке жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан ауыл шаруашылығы саласының 30 еңбеккері мемлекеттік награда алды. Атап айтқанда, бір адам — «Парасат» орденінің кавалері, саланың 6 өкілі «Құрмет» орденінің иегері атанды. II дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен 1 азамат, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен 10 адам, «Ерен еңбегі үшін» медалімен 6 еңбеккер марапатталды.

Сондай-ақ бүгінгі іс-шарада «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ауыл шаруашылығы саласында озат атанған төрт азаматқа алғаш рет тапсырылды. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығындағы цифрлық шешімдер көрмесін аралап көрді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы аясында агроөнеркәсіп кешенінде қолданылатын цифрлық шешімдер көрмесімен танысты.

Мемлекет басшысына деректерді есепке алуға, болжауға және талдауға арналған цифрлық сервистер, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешеніндегі тиімділікті арттыруды көздейтін отандық стартаптар туралы баяндалды.



САЯСАТ

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

СЕНАТ

ПАЛАТА БАСШЫЛАРЫ
КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Қазақстан Парламентінің депутаттары бүгін Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында өткен ТМД Парламентаралық Ассамблеясының отырысына қатысты. Сапар аясында парламенттік делегация Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Сондай-ақ Сенат Төрағасы Парламентаралық Ассамблея алаңында ТМД ПАА-ға қатысушы елдердің Парламенттері палаталарының басшыларымен екі-жақты кездесулер өткізді.



Мәулен Әшімбаев Тәжікстан басшысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сәлемін жеткізіп, бүгінде қазақ-тәжік қарым-қатынасы екіжақты ынтымақтастықтың барлық саласында белсенді дамып келе жатқанын атап өтті. Осыған байланысты ол жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді іске асыруға жәрдемдесу екі ел Парламенттері депутаттарының маңызды міндеті екеніне назар аударды.

Сенат Төрағасы ТМД Парламентаралық Ассамблеясының отырысына қатысушыларға ілтипат білдіріп, осы жылдар ішінде ұйым диалог, заңнамалық бастамаларды іске асыру және елдер арасындағы сенімді нығайту үшін тиімді алаңға айналғанын тілге тиек етті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қазан айында ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесінде атап өткендей: «Біздің мақсатымыз ортақ — Достастықты жасаппаздық пен өрлеудің, жана идеялар мен мүмкіндіктердің кеңістігіне айналдыру». Тәуелсіз мемлекеттер достастығы — халықтарымыздың болашағы үшін өзара сыйластықты, сенім мен ортақ жауапкершілікті сақтау институты ретінде қажет ұйым. Осы ретте ТМД Парламентаралық Ассамблеясы аясындағы бірлескен қызметіміз мемлекет басшылары айқындап берген негізгі басымдықтардың жарқын көрінісі екені анық. Сондай-ақ мұндай қадам дәстүрлі мәселелерден бөлек, жасанды интеллектіні реттеу, цифрлық құқықтарды қорғау және басқа да көптеген өзекті мәселелерді қамтиды. Бұл — ТМД өзінің қажеттілігін сақтап қана қоймай, жаңа шындыққа бейімделе отырып, белсенді дамып келе жатқандығының нақты дәлелі. Достастықтың 35 жылдығы қарсаңында осындай үрдіс аса маңызды», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ палата Спикері Достастық аясындағы ынтымақ-

тастық мәдениетаралық және дінаралық диалогты нығайтуға деген өзара құрмет пен ұмтылысқа табан тірейтінін атап өтті. Осыған орай ол Қазақстанда өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі қорытындыларына кенінен тоқталып, әріптестеріне ТМД елдерінің делегациялары аталған форумға жоғары деңгейде белсенді қатысқаны үшін алғыс білдірді.

Мәулен Әшімбаев ТМД елдері Парламенттері палаталарының басшыларына Қазақстанда елдің демократиялық дамуы жолындағы жауапты қадам болып саналатын алдағы парламенттік реформа туралы айтып берді.

«Келесі жылдың басында біз қазақстандық парламентаризм тарихындағы маңызды кезең — Қазақстан Республикасының қазіргі Парламентінің 30 жылдығын атап өтеміз. Қазақстан Парламентінің мерейтойы дамудың жаңа және маңызды кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің қыркүйек айындағы Жолдауында бірпалаталы Парламентке көшуді көздейтін парламенттік реформа жүргізуді ұсынды. Бұл бастама — Қазақстанның өкілді институттарды нығайту және тиімді заңнамалық билік қалыптастыру жөніндегі дәйекті саясатының қисынды жалғасы. Осы мәселе бойынша түпкілікті шешім 2027 жылы өтетін жалпыұлттық референдумда қабылданады», — деп Сенат Төрағасы алдағы бірлескен жұмыстың нақты бағыттарына тоқталды.

ТМД ПАА алаңында Қазақстан бастамашы болған «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» модельдік заң мақұлданды. Айта кетейік, аталған құжат Қазақстандағы заң шығару қызметінің оң тәжірибесі ескеріле отырып ұсынылған еді. Бұл заң әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге тың серпін берген маңызды қадам болды.

Іс-шара барысында Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Айгүл Құспан Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдарының федерациясына ТМД-ға мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы байқаушы мәртебесін беру туралы сөз сөйледі. Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты Ольга Булавкина отырысқа қатысушыларға жерге орналастыру туралы модельдік заңдар, парниктік газдар шығарындыларын шектеу туралы айтып берді. Сондай-ақ ол ұлттық заңнамада пайдалану үшін ТМД ПАА-ға қатысушы мемлекеттердің Парламенттеріне жіберілген ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үшін жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы модельдік кодекске енгізуге арналған өзгерістерге де назар аударды.

Мәулен Әшімбаев ТМД ПАА алаңында Ресей Федерациясы Федералды Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен екіжақты кездесу өткізді. Онда тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының маңызды мәселелерін және Қазақстан Президентінің Ресейге мемлекеттік сапарының қорытындыларын талқылады. Қол жеткізілген келісімдер сауда-экономикалық, энергетикалық, көлік және гуманитарлық салалардағы көпқоспарлы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталғаны сөз болды. Қазақстан Парламентінің Сенаты мен Ресей Федералды Жиналысының Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның белсенді жұмысы, оның екі елдің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша қабылдаған шаралары да әңгімеге арқау болды.

Палата Спикерінің Тәжікстан Республикасы Маджлиси Оли Маджлиси милли Төрағасы Рустам Әмомалимен кездесуі барысында көпқырлы ынтымақтастықты, парламентаралық байланыстар мен өңірлік өзара іс-қимылды нығайту мәселелеріне баса мән берілді. Тараптар саяси диалогты кеңейту, сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, бірлескен жобаларды іске асыру үшін сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, цифрлық салалар, жасанды интеллект және білім беру бағыттары қосымша мүмкіндіктер беретінін айтты. Мәулен Әшімбаев Қазақстан бұл бағыттағы ынтымақтастыққа дайын екенін тілге тиек етті.

Беларусь Ұлттық Жиналысы Республика Кеңесінің Төрағасы Наталья Кочановамен кездесуде Қазақстан мен Беларусьтің сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы, сондай-ақ көпжақты алаңдар аясындағы өзара іс-қимыл перспективалары талқыланды. Сұхбат кезінде Қазақстан Парламентінің Сенаты мен Беларусь Республикасы Ұлттық Жиналысының Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелеріне мән берілді. Одан бөлек, парламентаралық өзара іс-қимылды нығайтуға арналған бірқатар нақты практикалық қадамдар жан-жақты сөз болды.

МӘЖІЛІС

МӘЖІЛІС ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН
ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢДЫ
ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі жобасы нақтыланды.



Бірінші оқылымда депутаттардың бастамасымен әзірленген қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіруге және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауға бағытталған заң жобаларын қарау ұсынылады.

Құжатта Еңбек және Әлеуметтік кодекстерге, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске өзгеріс енгізіледі. Еңбек кодексіне енгізілген түзетулерде еңбек жөніндегі уәкілетті органның өкілеттігін кеңейту, жалақы төлеу және келісу комиссияларының жұмысы туралы нормаларды жетілдіру, сондай-ақ еңбек қызметінің белгілері болған кезде азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға тыйым салу қарастырылған.

Әлеуметтік кодексте жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде әкелердің жас балаларға күтім жасау кезінде жұмыс істемеген уақытын еңбек өтіліне қосу ұсынылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексте өндірістік жаракаттың ауырлық дәрежесін айқындау тәртібі нақтыланады.

МӘДЕНИЕТ

ҚАЙРАТКЕРЛЕР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДЕҢГЕЙДЕ МОЙЫНДАЛДЫ

ЮНЕСКО Бас конференциясының 43-ші сессиясында Қазақстан тарапынан берілген бірнеше ұсыныс қолдау тапты. Әйгілі опера әншісі Ермек Серкебаев пен көрнекті кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдық мерейтойлары 2026-2027 жылдары халықаралық ұйым аясында аталып өтілетін атаулы күндер күнтізбесіне енгізілді. Бұл — ұлттық әрі әлемдік мәдениеттің дамуына зор үлес қосқан қазақстандық қайраткерлердің халықаралық деңгейде лайықты мойындалуының бір белгісі.

ЮНЕСКО-ның Атаулы күндер күнтізбесі — Ұйым тарапынан қолдау тапқан және халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын атаулы күндер мен мерейтойлардың, маңызды оқиғалардың ресми тізімі.

ЮНЕСКО Хатшылығының мәліметінше, Ұйым 1956 жылдан бері 1 234 атаулы күнді мерекелеуге атсалысқан. Соның 31-і Қазақстанның ұсынысы бойынша енгізілген. Атап айтқанда, Абай Құнанбайұлының 150 жылдық,

Екінші оқылымда талқылау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мақсатымен әзірленген заңнамалық жаңашылдықтар ұсынылады.

Жалпы отырыстың күн тәртібі жобасына жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы заң жобасы да енгізілді. Бұл құжат академиялық және кәсіби ұтқырлықты кеңейтуге, дипломдарды, дәрежелерді және өзге де біліктіліктерді тануды жеңілдетуге, сондай-ақ оларды бағалау кезінде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы отырыста Мәжіліс 1996 жылғы 16 қаңтардағы Иран Ислам Республикасының Үкіметімен арадағы қосарланған салықты болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгертулер енгізілген хаттаманы ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа алатын болады.

Шымкент қаласының 2200 жылдық, Алматы қаласының 1000 жылдық, Мұхтар Әуезовтің, Қаныш Сәтбаевтың, Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойлары және басқа да атаулы күндер ЮНЕСКО қолдауымен халықаралық деңгейде тойланды. Осы жылы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде әйгілі композитор әрі дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.

БАҒДАР

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ХАТШЫСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Кеше партия Төрағасы Ерлан Қошановтың Қаулысымен «АМАНАТ» партиясының Хатшысы лауазымына Александр Данилов тағайындалды.

Александр Данилов — Президенттік Жастар кадр резервінің мүшесі, саясаттанушы.

Еңбек жолын қоғамдық сектордан бастап, әр жылдары бірқатар жастар қоғамдық ұйымдарында және талдау орталықтарында басшы болды. Ол бірқатар медиа жобалардың жетекшісі, сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі лауазымында еңбек етті.

АЛАШ АРЫСЫН ҰЛЫҚТАДЫ

Алматыда Алаш арысы Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойына орай «Міржақып Дулатұлы – ағартушы, қоғам қайраткері, ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалаушы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, алаштанушылар және мәдениет саласының өкілдері қатысты. Конференцияда Міржақып Дулатұлының ағартушылық және саяси-ағартушылық қызметі сөз болып, ғылыми баяндамалар таныстырылды.

Аталған басқосуды «АМАНАТ» партиясы, Денсаулық сақтау министрлігі, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесіп ұйымдастырып отыр. Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының басшысы Айжан Алдангорова бұл жиында білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінің бірігуін «ғылымның барлық



салаға ортақ болуымен» байланыстырды.

— Бүгінгі конференция қатысушылармен пікір алмасып, ғылыми зерттеулермен танысуға және бірлескен жобаларды талқылауға мүмкіндік береді. Ғылым — білім беру мен денсаулық сақтау саласы үшін ортақ бағыт. Сондықтан екі ведомство алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті. Мысалы, кеше біз Гүлсім Асфендиярованың 145 жылдығын атап өттік, ал бүгін Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына орай екі ведомство әлеуметтік жобаларды бірігіп жүзеге асыруды жоспарлап отыр, — деді ол.

Айжан Әнуарбекқызы ғылыми зерттеулермен танысу үшін конференцияға еліміздің төрт

өңірінен дәрігерлер келгенін атап өтті.

— Ғалымдар мен профессорлардың қатысуы арқылы денсаулық сақтау мен білім беру жүйесінің мамандары Міржақып Дулатұлының өмір жолымен, тарихи мұрасымен және білім беру саласындағы жетістіктерімен танысады. Сонымен бірге іс-шараға білім мен ғылым саласының өкілдері ғана емес, қоғамдық ұйымдар да қатысты. Өнер қайраткерлері, режиссерлер мен кинематографистер келешекте Алаш қайраткерлеріне байланысты фильмдер түсіріп, кітап басып шығаруды жүзеге асырады. Одан бөлек, терминология саласында да бірлескен жобаларды атқару көзделген, — деді А. Алдангорова.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы Жасұлан Байғараев жиынның негізгі мақсаты Міржақып Дулатұлының ағартушылық, саяси және педагогикалық мұрасын терең зерттеуге, бүгінгі білім беру жүйесімен сабақтастығын талдауға бағытталғанын жеткізді.

— Міржақып Дулатұлы қазақ мектептерінің өз ана тілінде білім беруін, ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға негізделуін жақтады.

Ол алғашқы қазақ оқулықтарын жазуға, оқу бағдарламаларын жасауға атсалысты. Алаш қайраткерінің педагогикалық идеялары қазіргі «Жаңа гуманитарлық білім» мен ұлттық педагогика тұжырымдамаларымен үндес. Оның «Оян, қазақ!» еңбегі — тек әдеби шығарма емес, ұлтты тәрбиелеудің, ойландырудың манифесті болды, — деді Жасұлан Әбдімүтәліпұлы.

Іс-шара соңында «АМАНАТ» партиясының қолдауымен жастар арасында өткен «Қазақ үшін шам қылған жүрек майын» атты эссе байқауы мен «Ұлт руханиятының алтын тұғыры» атты постер байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ЖОСПАРЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ



Үш жылға жетер-жетпес уақыт аралығында Абай облысында 160 мың шаршы метр тұрғын үй салынды, 62 медициналық нысан ашылды, 3,5 триллион теңге сомасына жүзге жуық инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар облыста «Бақты-Аягөз» бағытындағы теміржол құрылысы басталып, Семейде Ертіс өзені арқылы өтетін жаңа көпір салынуда. Мұның бәрі — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын және тұрғындардың тұрмысын жақсартуға бағытталған «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасын кезең-кезеңімен жүйелі жүзеге асырудың нақты нәтижелері.

Семей қаласында «АМАНАТ» партиясы Абай облыстық филиалының кезектен тыс ХІІІ конференциясы өтті. Іс-шара барысында бұған дейін Абай облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарған Қанат Әділбай ашық дауыс беру арқылы пар-

тияның өңірлік филиалының жанатөрағасы лауазымына сайланды.

«АМАНАТ» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев оған жаңа қызметінде табыс тілеп, оның мол тәжірибесі мен өңірдің тыныс-тіршілігін жіті білуі партия

жұмысына тың серпін береріне сенім білдірді.

Партия Хатшысы өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай облысын құру туралы шешімі жай ғана әкімшілік кадам емес, тарихи әділдікті қалпына келтіру және өңір тұрғындарының көп жылдан бергі арманын орындау екенін атап өтті. Бұл кадам инфрақұрылым мен әлеуметтік саладан бастап, адами капиталға дейінгі өңір дамуына қуатты серпін берді. Мәселен, үш жылда облыс бюджеті екі есе өсіп, 500 млрд теңгеге жетті.

«АМАНАТ» партиясы — ел Президентінің саяси тірегі. Осы орайда партияның сайлауалды бағдарламасы еліміздегі әрбір

отбасының тұрмысын жақсартуға және табысын арттыруға бағытталған. Партия халықтың мүддесін қорғап, әлеуметтік әділдік пен Қазақстанның жан-жақты даму қағидаттарын сақтап келеді. Біздің міндетіміз — нақты нәтижелерге қол жеткізе отырып, жергілікті жерлерде Мемлекет басшысының реформаларын адал жүзеге асыру», — деді ол.

Сонымен қатар Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері билік пен халық арасындағы алтын көпір болып қала береді. Тек осы жылдың өзінде Абай облысының тұрғындарынан 2 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Олардың жартысынан көбі оң шешімін тапты. Бұл — «АМАНАТ» партиясы тұрғындарды толғандырған мәселелерді шешуге нақты көмек көрсетіп жатқанының жарқын көрінісі. Бұған қоса, Ержан Жылқыбаев партия жұмысы есеппен емес, тұрғындар сезінетін нақты нәтижелермен өлшенуі керек екенін атап өтті. Ол аймақта қатаң бақылауды қажет ететін нысандар бар екенін еске салды. Мәселен, 2023 жылдан бері Жарма ауданы Сұлусары ауылында, сондай-ақ Көкпекті ауданына қарасты бес ауылда сот процесінің ұзаққа созылуына байланысты сумен жабдықтау құрылысы аяқталмай келеді. Партия Хатшысы атап өткендей, осы мәселені партия жіті қадағалауы керек, ал жергілікті жерлерде нақты әрі жауапты жұмыс жүргізілуге тиіс. Осыған байланысты Ержан Жылқыбаев партиялық тәртіптің маңызына назар аударды. Биыл жүргізілген ішкі тексеру жұмысының қорытындысы бойынша, немқұрайды әрі тапсырмаларға

формалды түрде қараған 11 мәслихат депутатының мандаты кері қайтарылып, тағы 26 депутатқа сөгіс жарияланды.

Сондай-ақ конференция барысында Шығыс Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Садырбаев өңірде партиялық жобалар аясында атқарылған жұмыс туралы баяндады. Ол бұған дейін филиал төрағасы қызметін атқарған болатын. Мәселен, 2025 жылы тұрғындардың қаржылық сауатын арттыруға арналған «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы аясында Абай облысының 20 мыңға жуық тұрғыны оқытылды. Сондай-ақ берешекті реттеу мәселесі бойынша нақты көмек көрсетілді. Бұған қоса, өңірде үш жылға жетер-жетпес уақыт аралығында «Жер аманаты» комиссиясы атқарған жұмыс аясында 550 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды.

«Партиялық бақылау жұмысы аясында сайлауалды бағдарламаға енгізілген нысандарға 300-ге жуық тексеру жүргізілді. Партиялық бақылау жұмысы пайда болған мәселелерді анықтап қана қоймай, оларды шешуге де мүмкіндік береді. Мәслихат депутаттарының қадағалауымен Водный кентінде 600 орындық, Аягөз ауданында 300 орындық мектептер ашылды. Бұл — партияның сайлауалды уәделерінің орындалуы мен тұрғындар өміріндегі оң өзгерістердің нақты мысалы», — деді ол.

Айта кетейік, бүгінде Абай облысында 30 мыңға жуық адамды біріктіріп отырған 140-қа жуық бастауыш партия ұйымы жұмыс істейді.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Цифрландыру – биік мінберден жиі айтылып жүрген бастама. Десе де, бұған дейін ол көбіне техникалық жобалар, платформалар немесе жүйелерді енгізумен ғана сипатталатын. Бірақ енді мемлекет бұл салада толыққанды құқықтық орта қалыптастыруды көздеп отыр. Осы мақсатта әзірленіп жатқан жаңа заң жобасы елдің цифрлық болашағын айқындайтын негізгі құжат болмақ. Цифрлық кодекстің негізгі өзгерістері жайлы Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Әбутәліп Мүтәлі тарқатып берді.

— Мәжілісте ұсынылған Цифрлық кодекс саладағы қандай негізгі мәселелерді шешуді көздейді?

— Біз айтып отырған кодекс — цифрландыруды тек технология ретінде емес, толық заңдық жүйе ретінде қалыптастыруға арналған негізгі құжат. Бұған дейін цифрлық саланы әртүрлі заңдар, бұйрықтар, ведомстволық ережелер реттеп келді. Әр құжат өз бетінше жұмыс істейтін, бір-бірімен байланысы аз болды. Сол себепті цифрландыру жүйесінің дамуында бірізділік болған жоқ. Президент Жолдауында алдағы үш жылда «цифрлық ел» қалыптастыру міндетін қойған болатын. Ол үшін бәрін бір жерге жинаған, нақты ережесі бар құқықтық негіз қажет. Міне, дәл осы кодекс сол негіз болып отыр.

Өйткені бұл құжат цифрлық мемлекеттің толық құқықтық жүйесін қамтиды. Мысалы, деректер қалай басқарылуы керек, платформалар қалай реттеледі, адамдардың цифрлық құқықтарын қорғау мәселесі, киберқауіпсіздік, цифрлық идентификация қалай жүргізіледі — бәрі осы кодекске енеді. Бұрын әр мәселе бөлек-бөлек құжаттармен реттелсе, енді барлығы бір кодекске біріктіріліп, біртұтас жүйе құрылады.

Кодекстің ең маңызды жаңалығы — енді басты назар техниканың өзінде емес, цифрлық ортада туындайтын құқықтық қатынастарда. Бұған дейін заңдар ақпараттық жүйелерге көбіне техникалық нұсқаулық ретінде қарады: қалай салу керек, қандай талап болуы тиіс, қандай бағдарламалар қолдану керек дегендей. Ал жаңа кодекс «жүйе қазір жұмыс істеп тұр, енді оның ішінде пайда болатын құқықтық қатынастарды реттеу керек» деген жаңа түсінікке көшеді. Бұл — үлкен өзгеріс.

Тағы бір маңызды тұсы — кодекс цифрлық объектілерді, деректерді, платформаларды толыққанды құқықтық объект ретінде таниды. Яғни, деректер енді жай ақпарат емес, экономикалық құндылыққа ие мүлік ретінде қаралады. Олар азаматтық айналымға қатыса алады, алдағы уақытта сатып алу-сату, пайдалану, басқару нысанына айналады. Бұл — цифрлық активтер нарығын дамыту үшін өте маңызды қадам.

Бір сөзбен айтқанда, Цифрлық кодекс тек бүгінгі талаптарды ғана шешпейді. Ол Қазақстанның алдағы он жылдағы цифрлық дамуына арналған берік құқықтық база жасайды. Деректерді қорғауға, цифрлық егемендікті күшейтуге, цифрлық қызметтерді қауіпсіз әрі әділ етуге жағдай жасайды. Сондықтан бұл кодекс — еліміздің цифрлық мемлекетке

қадам басуындағы ең маңызды әрі ірі бастамалардың бірі дер едім.

— Кодексте ең көп талқылау тудырған түсінік — цифрлық объектілер мен цифрлық деректердің құқықтық мәртебесі. Бұл қандай өзгеріс әкеледі?

— Цифрлық кодексте алғаш рет «цифрлық объект» және «цифрлық деректер» деген түсініктер нақты құқықтық категория ретінде бекітіледі. Бұған дейін деректер мен платформалар заңда «технология», «жүйе» деп айтылып жүрді, бірақ олардың нақты құқықтық мәртебесі болмады. Ал нарық жағдайында кез

келген активтің құқықтық мәртебесі анық болмаса, ол айналымға түсе алмайды, инвестиция тарта алмайды, нарық қалыптаспайды. Сондықтан бұл өзгеріс стратегиялық маңызға ие.

Кодекс цифрлық объектілердің реестрін енгізеді. Бұл реестр ұлттық деңгейде жұмыс істейтін, сенімді, қауіпсіз және құқықтық мәртебесі айқын цифрлық объектілердің тізімі болады. Өзіміздің отандық өнімдерге басымдық беріліп, шетелдік жүйелерге локализация талаптары қойылады. Бұл деректердің ел ішінде сақталуын қамтамасыз етуге, цифрлық суверенитетті нығайтуға көмектесетін тетік.

Ең революциялық жаңалықтың бірі — цифрлық деректердің құқықтық объект ретінде танылуы. Бұған дейін деректер тек ақпарат ретінде қарастырылды. Енді олар құқықтық тұрғыда мүлктік емес тауар ретінде танылады. Яғни, деректерді: иеленуге, басқаруға, сатуға, қолдануға беруге, келісімшарт объектісі етуге мүмкіндік пайда болады.

Бұл бүкіл әлемде қарқынды дамып жатқан data economy үшін өте маңызды. Себебі деректерге құқықтық мәртебе беру арқылы Қазақстанда экономиканың жаңа секторы қалыптаса бастайды.

— Кодексте цифрлық мемлекетті басқару моделі қалай өзгереді? Жаңа жобаның артықшылығы қандай?

— Заң жобасындағы ең маңызды тараудың бірі — «цифрлық ел» ұғымының енгізілуі және мемлекеттік басқарудың цифрлық архитектурасының қайта құрылуы. Бұған дейін мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік ұйымдар және түрлі цифрлық платформалар өзара жеке-жеке дамып, кейде бір-бірін қайталап, кейде өзара үйлеспей жұмыс істеді. Бұл жүйе халыққа да, бизнеске де ыңғайсыздық туғызды.

Кодекс осы мәселені жүйелі түрде шешеді. Қазақстанда алғаш



Әбутәліп МҮТӘЛІ,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшесі:

БҰЛ ЗАҢ ЕЛІМІЗДІҢ ЦИФРЛЫҚ ЕГЕМЕНДІГІН НЫҒАЙТАДЫ

рет орталық органдар, жергілікті әкімдіктер, ұлттық компаниялар және барлық цифрлық қызметтер біртұтас архитектураға біріктіріледі. Яғни, цифрлық ортада мемлекеттік функцияларды атқаратын субъектілердің бәрі ортақ ережемен жұмыс істейді. Бұл маңызды, себебі қоғамдық мүддені қорғау тек министрліктерге емес, цифрлық қызмет көрсететін жеке компанияларға да қатысты бола бастайды.

Ең үлкен өзгерістің бірі — цифрлық жүйелердің өмірлік циклін толық реттеу. Яғни, кез келген цифрлық жүйе: жоспарлау, жобалау, іске қосу, пайдалану, архивтеу, кәдеге жарату деген сатылар арқылы өтеді. Бүгінге дейін бұл процестердің көпшілігі реттелмеген еді. Әсіресе, архивтеу мәселесі ақпараттық жүйе жабылса, деректер қайда кетеді деген сұрақтар алғаш рет заңдастырылады.

Кодекс цифрлық идентификация мен аутентификацияны күшейтеді. Көпфакторлы, биометриялық идентификация, цифрлық құпиялылық, цифрлық идентиктің қорғалуы бәрі де жаңа талаптармен бекітіледі. Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) сақталады, ал аз маңыздағы әрекеттер үшін жаңа түсінік «цифрлық растау» енгізіледі. Бұл халыққа да, бизнеске де ыңғайлы.

— Киберқауіпсіздік пен цифрлық егемендік мәселесі кодексте қалай қамтылған?

— Бүгінгі цифрлық әлемде киберқауіпсіздік — мемлекеттің тікелей ұлттық қауіпсіздігімен тең. Қазақстан да осы бағытта жүйелі қадам жасап, ақпараттан-

дыру туралы заңды толық өзгертіп, оны «Киберқауіпсіздік туралы» заңға айналдырады. Бұл — жаңа кодекстің ең маңызды элементінің бірі.

Кодекс киберқауіпсіздік саласындағы терминологияны бірізге түсіреді. Бұған дейін кибершабуыл, инцидент, деректерді қорғау, жүйенің тұрақтылығы сияқты ұғымдар түрлі актілерде әртүрлі интерпретацияланып келген. Бұл құқықтық қолдануды қиындатады. Енді киберқауіпсіздікті реттеудің жаңа үш деңгейі енгізіледі. Ең бірінші — функционалдық аудит. Одан кейін, киберқауіпсіздік аудиті. Ең соңғысы — регуляторлық аудит.

Тағы бір маңызды жаңалық — ұлттық цифрлық объектілер ұғымы. Бұл объектілер сатылмайды, шетелге берілмейді, стратегиялық актив деп есептеледі. Мысалы, ұлттық деректер қоры, азаматтардың цифрлық идентификациясы, мемлекеттік платформалар, ұлттық инфрақұрылым.

Бұл — Қазақстанның цифрлық егемендігін нығайтатын тетік. Яғни, елдің цифрлық деректері мен стратегиялық жүйелері шетелдің ықпалында емес, өз заңымызбен қорғалады.

Цифрлық дәлелдер ұғымының енгізілуі де киберқауіпсіздікпен тығыз байланысты. Бұрын сотта немесе азаматтық істерде цифрлық жазбалар, логтар, транзакциялар заңды дәлел ретінде қабылданбайтын жағдайлар жиі болды. Енді олар ресми құқықтық статуска ие. Бұл құқық қорғау саласын, сот процестерін заманауи деңгейге шығарады.

— Кодекстің инновациялық экосистемаға, платформалық экономикаға және болашақ технологияларға әсері қандай?

— Жаңа кодекс тек бүгінгі цифрландыруды реттейтін құжат емес, болашақ технологиялар мен инновациялық экожүйенің дамуын құқықтық жағынан қамтамасыз ететін жүйе. Бұл бағытта кодексте бірнеше маңызды форма қамтылған.

Біріншіден, Эксперименттік құқықтық режимдер (ЭҚР) бірыңғай тәртіпке келтіріледі. Инновациялық компаниялар үшін бұл өте маңызды. Себебі бұрын ЭҚР әр жерде әртүрлі талаппен іске асатын. Енді енгізу, мониторинг, тоқтату тәртібі бәрі бір жүйемен жүреді. Инновациялық өнім шығаратын стартап үшін қандай құқықтық талаптар бар, қандай деректермен жұмыс істей алады, бәрі алдын ала белгілі болады. Бұл инвесторға сенімділік береді.

Екіншіден, кодекс цифрлық делдалдарды, яғни маркетплейстер, онлайн агрегаторлар, платформалық сервис иелерін алғаш рет құқықтық субъект ретінде реттейді. Бүгінгі экономикада бұл платформалар тауар өндірушіден де, қызмет көрсетушіден де ықпалды болды. Бірақ олардың құқықтық жауапкершілігі толық анықталмаған еді. Енді олардың деректермен жұмыс істеу тәртібі, пайдаланушы құқығын қорғау міндеттері анық бекітіледі.

Үшіншіден, интернет заттары (IoT), деректер алмасу платформалары сияқты технологиялар заңда нақты ұғым ретінде бекітіледі. Бұл — алдағы 5–10 жылда экономиканың негізгі драйверіне айналатын салалар. Мысалы, ақылды қала инфрақұрылымы, өнеркәсіптегі цифрлық егіздер, логистикалық деректер платформалары, денсаулық сақтау жүйесіндегі IoT құрылғылар.

Олардың бәрінің жұмыс істеу тәртібі, деректерді өңдеу талаптары, қауіпсіздік режимі заңда бекітіледі.

Төртіншіден, смарт-келісімшарттарға құқықтық режим енгізіледі. Бұл — блокчейн жобалары мен жаңа экономикалық модельдер үшін үлкен серпін. Смарт-келісімшарттар дәстүрлі келісімшарттарды толық алмастырмайды, бірақ автоматты түрде орындалатын мәмілелер үшін заңды құралға айналады.

Бесіншіден, цифрлық құқықтардың токенизацияға мүмкіндік беруі инвестиция нарығын түбегейлі өзгертеді. Бұл жылжымайтын мүлік, көлік, өндірістік жабдық, тауар партиясы — бәрін цифрлық активке айналдырып, айналымға енгізуге негіз жасайды. Қазақстан осылайша жаңа цифрлық активтер нарығын қауіпсіз әрі заңды түрде ашатын елдердің қатарына қосылады.

Сондықтан Цифрлық кодекс — инновацияға кедергі емес, керісінше инновацияға жол ашатын құқықтық карта. Ол Қазақстанның болашақ технологиялық экономикасын қалыптастыруға мүмкіндік береді дер едім.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ЕРКІН

ДАМУ



Ел Шығысында Алтайдың асқақ баурайы мен Сібенің көгілдір айдыны арасында жатқан Ұлан ауданы – ұлттық рух мекені. Бұл өлкеге табан тіреген адам бірден-бір ерекше тынысты сезінеді: мұнда өткеннің шуағы мен бүгіннің шабыты бір-бірімен жарасып, өмірдің өз өрнегін жатыр. Қайың мен самырсын аралас өскен, жазы қоңыр, қысы қатал осы өңірде адам да табиғат сияқты шындалады, төзім мен еңбекке үйренеді. Ұлан – елдік пен ерліктің, мәдениет пен еңбекқорлық шоғырланған кеңістік. Қасым Қайсеновтің ерлігі, Сәрсен Аманжоловтың парасаты, Зәки Ахметов зердесі – барлығы да осы өңірдің рухани төлқұжатында жазулы. Бұлар – музейлік естелік емес, күн сайынғы ұмтылысқа айналған тірі энергия. Бүгінде Ұлан сол дәстүрді жалғап, жаңа дәуірдің көшіне ілескен, жаңарып, жаңғырып келе жатқан аймақтың символына айналып отыр.

ХАЛЫҚ ТАҢДАҒАН БИЛІК – СЕНІМНІҢ БАСТАУЫ

Ұлан ауданының бүгінгі өрлеуі халықтық сенімнен бастау алды. 2021 жылы елде алғашқылардың бірі болып ауданның ауылдық округтерінде әкімдер тікелей дауыс беру арқылы сайланды. Бұл демократияның декларациясы емес, нақты қадам еді. Ұландықтар сайлау учаскесіне міндет үшін емес, өз ауылын кім басқаратынын өзі шешу үшін келді. Қатысу белсенділігі – азаматтық мәдениеттің өскенін дәлелдейтін көрсеткіш. Сайланған әкімдер халық алдында есеп беріп, ауылдың мәселесін бірлесе шешуді дәстүрге айналдырды. Нәтижесінде, «билік бізден алыс» деген түсінік жойылып, тұрғындар өз ауылының даму стратегиясын бірге қалыптастыра бастады. Кооперативтер құрылды,

ҰЛАН АУДАНЫ – ҰЛТТЫҚ РУХ МЕКЕНІ

шағын бизнес пен ауыл туризмі өрістеді.

БАСШЫ ЖӘНЕ БАҒДАР: ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ МОДЕЛІ

Аудан тізгінін ұстап отырған басшы Арман Бекбосыновтың басқару философиясы «сөз емес, нәтиже» екенін уақыт көрсетіп келеді. Ол тәжірибелі инженер-экономист, инфрақұрылым саласынан шыққан, нақты істің адамындай танылған басшы екені мәлім. Сол инженерлік жолдан басталған тәжірибе басқару мәдениетіне нақтылық пен есептілікті дарытты. Жол құрылысы және экономика саласының маманы, экономика және бизнес магистрі біліктілігі бар Зайсанның тумасы Арман Ілиясұлы туған өлкенің әр ауданының әлеуетімен таныс. Ол аудан басқаруды қолға аған алғашқы айларынан-ақ әкімшіліктің жұмыс форматын өзгертті: науқаншылдықты емес, нақты мерзімді және есепті жобалық тәсілді енгізді.

Басқарудағы басты қағидасы – «мәселені талқылау емес, шешу». Сол себепті аудандық деңгейде инвестициялық жобалардың ілгерілеуі, әлеуметтік инфрақұрылым мен жол құрылысының қарқыны едәуір артты.

ЕҢБЕК ПЕН ЖЕРГЕ АДАЛДЫҚ – ҰЛАННЫҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТКЕН КҮШ

Ауданның экономикалық дінгегі – агроөнеркәсіп. Ұланның жері құнарлы, суы мол, ең бастысы, еңбектен қашпайтын адам бар. Бүгін бұл аймақ облыстың ет өндірісінің 60 пайызын, сүт өндірісінің басым бөлігін қамтамасыз етеді. Қазірдің өзінде мұнда 8 сүт-тауар фермасы мен 9 бордақылау алаңы тұрақты жұмыс істеп тұр.

Жаңбырлатып суару технологиясы енгізілген алқаптар жыл са-

йын ұлғайып, 2 мың гектар жер суармалы айналымға қосылмақ. Бұл – жай сандар емес, ауылдың болашағы мен табысының кепілі. Әр гектар – жаңа жұмыс орны, жаңа мүмкіндік.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы да Ұланда өз жемісін беріп отыр. Кейінгі үш жылда 50 жобаға 674 миллион теңге бөлініп, ондаған отбасы өз кәсібін дөңгелете бастады. Бірі ет, сүт өндірісін жолға қойса, бірі жылыжай ашып, көкөніс өсіруді кәсіпке айналдырған.

Ұландықтардың тағы бір ерекшелігі – біріккен істің бағасын білуі. Кооперативтер саны көбейіп, ауыл экономикасы тек малмен

ретінде қайтып оралады деп жоспарлануда.

Алдағы бес жылда өңірдің инвестициялық портфелі 345 миллиард теңгеге жуықтайды. Бұл – жеке капиталдың ауданға сенімінің өлшемі. Кәсіпкер үшін тұрақты саясат, инфрақұрылымы дайын орта керек. Ұлан дәл сондай аймаққа айналып отыр.

ТУРИЗМ – ТАБИҒАТ ПЕН ТАБЫСТЫҢ ТОҒЫСЫ

Ұланға келген адам міндетті түрде Сібенің айнадай көлдеріне көз тастайды. Көктем мен күзде мұнда ауада алтын түстес балқым бар. Осы



емес, өндірілген өнімді қайта өңдеумен де айналыса бастады. Бұл – ауылды өмір сүру ғана емес, өмір сапасын арттыру кеңістігіне айналырудың нақты көрінісі.

ӨНДЕУ МЕН ӨНЕРКӘСІП – ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА БЕТІ

Айта кетерлігі, Ұлан қазір тек ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен ғана шектелмейді. Облыстағы ауыл шаруашылығы өнімінің қайта өңдеу көлемінің басым бөлігі Ұлан ауданында өңделуде. «Өскемен құс фабрикасы», «Багратион Ұлан» сынды кәсіпорындар жаңа технология енгізіп, өнім сапасын көтеріп келеді.

Келесі жылы іске қосылатын жылу оқшаулау материалдарын өндіретін зауыты – өңірдің құрылыс саласына жаңа қарқын беретін жоба.

Бүгінде сирек кездесетін металлдардың кен орындарында барлау жұмыстары атқарылуда. Аталған жұмыстар аяқталғаннан кейін Ұланның қойнауындағы байлық енді тек қазылып қана қоймай, өңделіп, мемлекетіміздің «жасыл экономикасына» қосылған құн

табиғи сұлулықты экономикалық мүмкіндікке айналдыру – ауданның ең табысты шешімдерінің бірі.

Қазір Ұланда туризм саласы жоспарлы түрде ілгері дамуда, ал келетін туристердің саны жыл сайын артуда. Осыған серпін беріп отырған бесінші жыл қатар өткізіліп келетін – Бозанбай ауылындағы дәстүрлі «Шығыс салбурыны» халықаралық фестивалі. Бұл іс-шара Ұланның ғана емес, кілен Шығыстың нағыз рухани брендіне айналды. Әлемнің он елінен келген бүркітшілер мен туристерді қабылдаған ұлттық сайыс бүгінде Қазақстанның мәдени күнтізбесіне еніп, ұлттық өнердің жаһандық диалогқа айналған үлгісі болды.

Сондай-ақ осы жылы Ұланда Шанхай ынтымақтастық ұйымының жас көшбасшыларының кездесуі жоғары деңгейде өтті. Сібе көлінің жағасында өткен этнофестивальге алты елдің жастар делегациясы қатысып, Ұланның табиғаты мен мәдениетін халықаралық деңгейде танытты. Бұл кездесу – ауданның географиялық шекарадан асып, рухани брендке айналғанының дәлелі.

Осы орайда туристік аймақтардың инфрақұрылымын дамытуға қомақты инвестиция сома-

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

лары тартылу жоспарлануда – заманауи талаптарға сай демалыс кешендерін салу, жол жөндеу және жол бойы сервистері, интернет тарту. Бұл туристердің жайлы демалуына ықпал етеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ТҰРМЫС: САПА МЕН СЕНІМНІҢ ТЕПЕ-ТЕНДІГІ

Ауданда бүгінде жолдар да, су жүйелері де жаңарып келеді. Көп жылдар бойы ауылдық елді мекендердегі көшелерге және кіреберіс көлік жолдарына орташа жөндеу жұмыстары қарқынды атқарылуда. Аталған шаралар адамдардың жол қауіпсіздігі мен жол қозғалысына қатынасуына қолайлы жағдай жасалды.

Аудан тұрғындарының 93 пайызы таза ауызсумен қамтылған. Жыл соңына қарай Отрадное, Бозанбай, Асубұлақ елді мекендерінде су құбырларын салу және қайта жаңғырту құрылысы аяқталып, бұл көрсеткіш толығымен орындалады. Бұл – мемлекеттің ауылдағы өмір сапасын қала деңгейіне жақындату міндетінің нақты көрінісі.

Тұрғындар үшін өзекті бағыттың бастысы – жылумен қамтамасыз етуде де жаңа белес бар: Қасым Қайсенов кентінде жылу жүйесі қайта жаңғыртылып, Таврия ауылында жаңа қазандық іске қосылды.

Ал баспана мәселесінде «Бір-қабатты Шығыс» жобасы аясында бес жыл көлемінде 208 көпбалалы отбасылар және әлеуметтік топтардағы тұрғындар баспаналы болды. Қазір бұл бағдарлама бағытында қосымша 60 пәтердің құрылысы аяқталуда. Мұның бәрі – ауылдың болашағына сенім мен тұрақтылық ұялатқан нақты саясат.

Аудан басшылығының айтуынша, интернет пен байланыс та назардан тыс қалған жоқ. Қазір аудан тұрғындарының 92 пайыздан астамы интернетке қосылған. Қалған ауылдар 2028 жылға дейін жоспарлы түрде интернет және ұялы телефон байланысымен толықтай қамтылады.

АДАМ КАПИТАЛЫ – АУДАНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

Ұланда жаңа мектептер, денсаулық нысандары мен спорт кешендері ашылып жатыр. Қасым Қайсенов кентіндегі жаңа емхана – осының дәлелі. Нысан заманауи диагностикалық жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Жаңа музыкалық мектеп, спорт кешендері мен балалар алаңдары – жастардың дамуына бағытталған инвестиция. Мектептер ағымдағы және күрделі жөндеуден өтіп, заманауи робототехника кабинеттері орнатылып, білім беру сапасы цифрлық форматқа көшіп келеді.

Мұндай нысандардың ашылуы ауылдан қалаға көшу ағынын азайтады. Себебі адам тек тұрмысқа емес, ортаның сапасына қарап өмір сүреді. Ал Ұлан дәл сол сапаны ұсынып отыр.

Расымен, бұл өлкенің құндылығы – ұлылықты ұранмен емес, еңбекпен дәлелдеуі. Бүгінгі Ұлан – тарихқа тағзым етіп, технологиямен алға ұмтылған өңір.

Алтайдың баурайындағы бұл аудан – шығыстың, тұтас еліміздің серпін аймағы. Ұланның даму тәжірибесі үлгі болары анық. Мұнда халықтың ұсыныстары нақты жүзеге асып, жетістіктер сөзбен емес, іспен және нақты нәтижемен дәлелденіп келеді.



СЕРПІН

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Ақмола облысы ұзақ жылдар бойы еліміздің басты астықты аймақтарының бірі ретінде белгілі. Алайда соңғы жылдары өңір ауыл шаруашылық дәнді-дақылдарын ғана өсіретін классикалық егіншілікпен шектелмей, агроөнеркәсіптік кешенді әртараптандыру, жаңа технологияларды енгізу және қайта өңдеуді күшейту бағытында да жүйелі өзгерістерге түбегейлі бет бұрды. Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін ғана емес, оның сапасын, нарықтық құнымен қоса өңір экономикасына да сүбелі үлесін қосып келеді...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Облыс әкімі Марат Ахметжанов аймақтың экономикалық тың табыстарын брифинг барысында айтты. Ол аймақта барлық салада алға ілгерілеушілік бар екенін нақты деректермен баяндап өтті.

**АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ:
КЕШЕГІ МҰРА
БҮГІНГІ СЕРПІН**

Ақмола облысының агро-секторына көз салсақ, бұл өңірдің жылдар бойы қалыптасқан астықты аймақ ретіндегі мәртебесі тек мол өнімнің көлемімен емес, сонымен қатар табиғи-климаттық әлеуетімен, шаруалардың тәжірибесі мен еңбегінің нәтижесімен өлшенеді. Дегенмен ХХІ ғасыр талаптары ауыл шаруашылығын дәстүрлі тәсілдермен ғана жүргізуге мүмкіндік бермейді. Ауа райының құбылмалы болуы, ресурстар құнының өсуі, жаһандық бәсекенің күшеюі, цифрлық технологиялардың дамуы —

мұның бәрі ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруді міндеттеп отыр. Ақмола облысы соңғы бес жылда осы талаптарға сәйкес, егіншілікті цифрландыруды, мал шаруашылығын индустрияландыруды, қайта өңдеу көлемін арттыруды, суармалы жерлерді көбейтуді, кластерлік модельді енгізуді негізгі стратегиялық бағыт ретінде таңдады. Мақсат — өңірді қарапайым шикізат өндірушіден жоғары қосылған құн қалыптастыратын заманауи агроөнеркәсіптік орталыққа айналдыру болып отыр.

**ЕГІНШІЛІКТЕГІ
ЖАҢҒЫРУ:
ҚҰРҒАҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАН
SMART АЛАНДАРҒА**

Соңғы жылдары Ақмола облысының егіншілік саласы «ақылды технологиялардың» белсенді енгізілуімен түбегейлі өзгеріп келеді. Бүгінде 3,5 млн гектардан астам егістік алқап толық цифрлық бақылауға алынған. GPS-навигация, спутниктік мониторинг, дрондар арқылы алқапты зерттеу, топы-



деуді тереңдетіп, экспорттық әлеуетті арттыруға ден қойған. Соңғы жылдары әлемдік стандарттармен жабдықталған ондаған индустриялық сүт фермасы да іске қосылған. Автоматтандырылған сауу залдары, малдың саулығын бақылайтын датчиктер, рационды дәл есептейтін смарт жүйелер өндіріс мәдениетін түбегейлі өзгертіп отыр. Көптеген шаруашылықта әр сиырдан жылына 8-10 мың литрге дейін өнім алу көрсеткіші қалыптасқан. Ет өндірісі де екпін алып, Қытай, Иран, Сауд Арабиясы, БАӘ нарықтарына экспорт көлемі артты. Асылтұқымды мал басы 40

АҚМОЛА АГРОСЕКТОРЫНЫҢ

рақтың биохимиялық құрамын анықтау — бұл шаруалар үшін қалыпты жұмыс процесіне айналды. Ұсынылған деректерге сәйкес, мұндай технологиялар шығынды азайтып қана қоймай, өнімділікті арттырады: жанар-жағармай 15 пайызға дейін үнемделеді, тыңайтқыш 20-25 пайызға қысқарады, жалпы өнім көлемі орта есеппен 10-20 пайызға көбейеді. Климаттық өзгерістерге бейімделу мақсатында құрғақшылыққа төзімді бидай мен арпаның жаңа сорттары енгізіліп, Zero Till, Strip Till секілді технологиялар бұрын тек ірі шаруашылықтарға тән болса, бүгінде орта шаруаларға да қолжетімді болып отыр. Бұл тәсілдер топырақтағы ылғалды сақтап, шығынды азайтуға мүмкіндік бермек.

Ұсынылған деректерге сенсек, аймақтағы ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру Ақмола облысының дамуының аса маңызды бағытына айналған. Тың технологиялық жобалардың арқасында аймақта мал шаруашылығын кеңейту мақсаты қойылған смарт-фермалар, автоматтандырылған жемдеу жүйелері, GPS-бақылау, агроботтар мен датчиктік жүйелер пайда болған. Жасанды интеллект пен цифрландырудың соңғы жетістіктерінің көмегімен жүзеге асырылған мұндай жобалар енді тек ірі кешендерде емес, орта шаруашылықтарда да енгізіліп жатқанын атап өткен жөн.

Цифрлық технологиялардың артықшылықтарының арқасында аймақта жанар-жағармай, тұқым, тыңайтқыш сияқты дикан қауымының басты қажеттіліктерінің шығынын азайту, өнім түсімділігін нақты бол-



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУ**

aqmolacom.kz

жау, сонымен қатар тәуекелдерді басқару және еңбек өнімділігін арттыру сияқты аса маңызды істер онтайлы жүзеге асырыла бастаған. Өңір агрокәсіпорындары цифрлық шешімдерді енгізу арқылы халықаралық стандарттарға жақындап, экспорттық бәсекеге қабілеттілікті арттырып отыр.

**МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН-
ДАҒЫ ӨРЛЕУ:
ИНДУСТРИЯЛЫҚ
ӨНДЕУ ДӘУІРІ**

Өңірде мал шаруашылығының да қарқыны артып келеді. Ең бастысы — облыс тек ет пен сүт өндірумен шектелмей, өң-

пайызға өсіп, бордақылау алаңдарының қуаты жылына 120 мың басқа жетіп жығылған.

**ӨНДЕУ СЕКТОРЫ:
ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖҮРЕГІ**

Қай елдің дамуын алсақ та, оның экономикалық қуаты терең қайта өңдеу арқылы бағаланады. Ақмола облысында бұл бағытта да айтарлықтай серпін байқалады. Бұрын өңір аты тек астық экспортымен белгілі болса, бүгінде макарон, кеспе, жарма, нан-тоқаш өнімдері, мал азығы сияқты тауарлар шығарылатын өндірістер көбейген. Ең маңыздысы — бидайды терең өңдеу саласының дамуы: крах-

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ

**ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 165 КМ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ БАР
6 ЖОБА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ**

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ЖЕЛІЛЕР САЛУ:

- ҚАРАӨТКЕЛ
- АҚМОЛ
- ҚАРАЖАР
- ЖАЛТЫРКӨЛ
- ЖІБЕК ЖОЛЫ
- ҚОСШЫ Қ.

НӘТИЖЕСІ:
**ҚАЛА МАҢЫНДАҒЫ АЙМАҚТАРДЫҢ 30 МЫҢНАН АСТАМ
ТҮРҒЫНЫ ҮЗДІКСІЗ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАЛАДЫ**

СЕРПІН

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

мал, глютен, биоэтанол өндіретін кәсіпорындар іске қосылып, ауыл шаруашылығы шикізатының құны бірнеше есеге артты. Соңғы үш жылда енгізілген өндірістік кешендер агросектордың жаңа индустриялық келбетін қалыптастырды.

Құрғақ климатты аймақ үшін су — стратегиялық ресурс екені сөзсіз. Осыны ескерген өңір басшылығы суармалы алқаптарды ұлғайтуға ерекше басымдық беріп отыр. 2025 жылға қарай суармалы жер көлемін 60 мың гектарға жеткізу жоспарланған. Жанбырлатып және тамшылатып суару әдістері мал азығы өндірісін күшейтіп, сүт және ет шаруашылықтарының тұрақты жемшөп қорын қалыптастыруға жол ашады. Сонымен қатар топырақ эрозиясын азайту, жайылымды калпына келтіру, көлдер жүйесін

лымдық қолдау да айтарлықтай әсер еткен. «Ауыл аманаты», 2,5 пайыздық несие, микрогранттар сияқты мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүздеген жаңа шаруа қожалығы құрылып, ауылдағы кәсіпкерлік белсенділігі өсті. Кооперативтер құру арқылы сүт жинау, ет тапсыру, техника жалдау, жемшөп сатып алу жүйелері шаруалар үшін тиімді механизмге айналып отыр.

Агросектордағы ірі жобалар өңір экономикасының жаңа тынысын ашты. Облыс әкімінің мәліметінше, соңғы бес жылда 100-ден астам жоба іске қосылып, 400 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған. Ет өңдеу зауыттары, сүт фермалары, жылыжай кешендері, құс фабрикалары, логистикалық орталықтар — мұның бәрі өңірдің агроөнеркәсіптік инфрақұры-

талқыланып келеді. Сала мамандарының айтуынша, мұндай кластердің бірнеше басты артықшылығы бар. Атап айтқанда, бір жерде өндіру, өндірілген өнімді қайта өңдеу, сақтау және көлік логистиканың көмегімен экспорт шығару тізбегі қалыптасады. Сонымен қатар өндіріс шығындары төмендеп, ауыл кәсіпкерлері арасында кооперациялар күшейе түспек. Ал ең бастысы, бүгінде аса өткір мәселелердің бірі жаңа жұмыс орындары пайда болады.

— Кластерлік модельге өтудің басты шарты — ауыл кәсіпорындарының өзара сенімі, нарықтық бағдарлығы және технологияны қабылдауға дайындығы екені сөзсіз. Қазірдің өзінде бірқатар ауданда кооперативтер мен интеграциялық жобалар іске қосылып, ұжымдық өндіріс мәдениетінің қалыптасып келе жатқаны байқалады, — дейді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

ЖЕТІСТІГІ КӨП

сақтау бағытында да экологиялық және аграрлық ғылыми жобалар жүзеге асырылуда.

ШАРУАҒА ҚОЛАЙЛЫ
ЖАҒДАЙ: ЖАҢА
КӘСІПКЕРЛІК ТОЛҚЫНЫ

Өңірде агробизнесінің дамуына қаржылық және инфрақұры-

лымын сапалы деңгейге көтеріп отыр.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК
КЛАСТЕР ҚҰРУ
ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Өңірде бірыңғай агроөнеркәсіптік кластер қалыптастыру идеясы да соңғы жылдары жиі

Жаңбырлатып және тамшылатып суару әдістері мал азығы өндірісін күшейтіп, сүт және ет шаруашылықтарының тұрақты жемшөп қорын қалыптастыруға жол ашады.



СПОРТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

7 СПОРТ НЫСАНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

31 31 СПОРТ АЛАҢЫ ОРНАТЫЛДЫ



СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2025 ЖЫЛДЫҢ ЖАЛПЫ НӘТИЖЕСІ:

798 МЕДАЛЬ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ

- 269 АЛТЫН
- 260 КҮМІС
- 269 ҚОЛА



ЭКСПОРТ
ГЕОГРАФИЯСЫН
КЕҢЕЙТУ —
СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Брифинг барысында айтылған деректерге жүгінсек, соңғы жылдары Ақмола облысының ауыл шаруашылығы экспорты жаңа нарықтарға бағыттала бастаған. Бұрын өнімнің басым бөлігі дәстүрлі бағыттарға жіберілсе, қазір Түркия, Қытай, Иран, Еуропалық одақ елдері сияқты нарықтарға шығу мүмкіндіктері кеңейе түскен. Мәселен, эстондық Muga Grain Terminal терминалымен меморандумға қол қою арқылы өңірге Еуропа порттарына тікелей шығу мүмкіндігі ашылып отыр. Мысалы, жуырда ғана аталған келісім арқасында Италия, Бельгия және Эстонияға 209 мың тонна астық жеткізілген. Бұған аймақта сапа сертификаттары жаңартылып, халықаралық талаптарға сәйкестік күшейтіліп, логистикалық инфрақұрылым жаңартылуы себепкер болыпты. Сондай-ақ шаруашылық серіктестіктердің астық сақтау және өңдеу қуаттары ұлғая бастаған.

Экспортты әртараптандыру жергілікті шаруашылықтарға тұрақты табыс беріп қана қоймай, өңірдің экономикалық тәуелсіздігін нығайта түскен.

Аграрлық даму ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасымен тікелей байланысты. Өңірде соңғы жылдары 300-ге жуық ауылшілік жол жөнделіп, ондаған мектеп жаңартылды, жаңа фельдшерлік пункттер ашылды, интернет қолжетімділігі кеңейді. «Дипломмен — ауылға!» жобасы арқылы жас мамандарды тарту ісі жүйелі жалғасуда.



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ: ӘР ОТБАСЫ ҮШІН ЖАЙЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ

7 000 ОТБАСЫ

2025 ЖЫЛЫ ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙ АЛДЫ

ОНЫҢ 2 000 ОТБАСЫ

МҰҚТАЖ АЗАМАТТАР АРАСЫНАН:

- ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫДАН ОСАЛ ТОП ӨКІЛДЕРІ
- КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАНДАР
- АЛДАНҒАН ҮЛЕСКЕРЛЕР
- АПАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ





ИНВЕСТИЦИЯ


- **660 МЛРД ₸** ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ (2024 Ж. — 410 МЛРД ₸).
- ӨСІМ: **+250 МЛРД ₸**
- **НӘТИЖЕСІ:** ЖАҢА КӘСІПОРЫНДАР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР

- РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "AQMOLA" (АРШАЛЫ АУДАНЫ)
- "КӨКШЕ ИНДАСТРИ" (КӨКШЕТАУ Қ.)
- "АГРОХАБ" (ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ)
- "ҚОЯНДЫ" (ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ)

ЖАЛПЫ ҚҰНЫ **1 ТРЛН ₸** АСТАМ ЖОБАЛАР

4 000 АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ



P.S.

Ақмола облысының аграрлық секторы бүгінде жаңару кезеңіне аяқ басқан. Егіншілік пен мал шаруашылығының технологиялық жаңаруы, қайта өңдеу саласының күшеюі, кластерлік модельге көшу және экспортты кеңейту өңірдің ауыл шаруашылығын сапалы өсімге жетелеп келеді. Бұл өзгерістер тек ауыл экономикасына емес, бүкіл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берері сөзсіз. Аймақтағы соңғы жылдары жүзеге асқан өзгерістер агросекторды жаңартудың жаңа философиясын қалыптастырған. Өңір дәстүрлі егіншілік аймағынан инновациялық, технологиялық, жоғары бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенге айналу жолына түсті. Ендігі міндет — осы қарқынды тұрақты үрдіске айналдырып, Ақмола облысын еліміздің ғана емес, бүкіл Еуразия кеңістігінің жетекші аграрлық орталықтарының біріне жеткізу болып отыр...

ТҮЙТКІЛ

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ



МАЛДЫҢ ЖАЙЫН БАҚҚАН БІЛЕР

бойлардың жағдайы өте жақсы. Қағаз жүзінде емес, шын мәнінде, қазақтың шаруа адамының беделін арттырсақ, елге көл-көсір пайда әкеледі, — деп ой қосты фермер.

Белгілі экономист Сапарбай Жобаев малшылардың зейнетке шығуы, балаларының тегін оқуы, әскерден босатылуын құптады. Бірақ белгілі бір салаға басымдық беру, басқа мамандық иелерінің қытығына тимеуі керек және бұл қолдауды өзге емес, малшының өзі сезінуі қажет деп бағамдайды.

— Малшының зейнетке шығуы, балаларының тегін оқуы, әскерден босатылуының мемлекеттік саясатқа айналғаны — қоштарлық бастама. Бұл процесті дұрыстап қолдаған жөн. Сондықтан цифрлық жүйеге енгізгенде әуелі Қазақстанда қанша шопан, бақташы, жылқышы, түйеші бар соны есептеп алайық. Ал балаларының тегін оқуға түсуі — малшыға зор қолдау. Өйткені көп малшы өз малын емес, жалданып, біреудің малын бағып жүр. Жарайды, жалданған малшы құжат-

тарлық жағдай! «Малшының баласымын» деп кейбір қуақы қазекем құжат жасатып, тегін оқып кетпесіне кепілдік тағы жоқ. Сондықтан әбден оң-солын қарап, қоғам тарапынан жұмыс тобына әр саланың білікті мамандарын тартып, шопандармен тілдесіп, қажет болса өзін де шақырып, зейнетақы төлеу, балалардың тегін оқуы, әскерден босатылуы сияқты үлгерімдерді барлық жағынан ақылдасып реттеп алған жөн, — деді экономист сарапшы.

Жуырда медиада Үкіметтің 2026–2030 жылдарға арналған жаңа «Мал шаруашылығын қолдау және дамыту» жоспарын даярлап жатқаны жөнінде ақпарат тараған-ды. Шамасы жаздағы отырыстағы бастамаға тоқайлас болса керек-ті. Әрі малшының зейнетке шығуы, балаларының тегін оқуы, әскерден босатылуы төңірегіндегі, еңбек адамын қолдау үшін озық дамыған елдер тәжірибесін қолдану жайындағы бастамалар аталған құжатқа енгізілмек екен. Біз жалпы бұл

нысты малшылардың зейнетке шығуы, балаларының әскерге баруы, оқу мәселесі жоспарда тұр. Өйткені қара еңбекті істеп, төрт түлікке қарап, жағдайын жасап отырған шаруа адамдары екені анық. Ендеше қолынан іс келетін шаруа адамы назардан тыс қалмайды. Мәселеде шикілік туып, пысықайлар малшыға арналған бастаманы теріс пайдалану кетпеуі керек. Әлеуметтік қамсыздандыру тетіктері тиісті Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика, Қорғаныс сияқты тақылеттес ведомстволармен кеңесіліп, жұмыс тобында қаралып, ортақ шешім шығару көзделуде. Сондай-ақ мал шаруашылығын дамытқан Аустралия, Аргентина тәжірибесін де шолып шыққан артықтық етпейді. Осылайша, малшы жағдайы ескеріледі. Егер осы мәселе оң шешіліп, игілігін еңбек адамы көріп жатса, бұл ел тіршілігіне кәделі іс болмақ, — деп түйді департамент басшысы.

Токетері, ресми деректерге сүйенсек, халқымыздың 37 пайызы, 7,5 млн адам ауылда тұрады. Биыл Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумына қатысып, өзекті мәселерге тоқталды. Мемлекет басшысы: «Біз бұған дейін егін шаруашылығын дамыту бағытында біраз жұмыс жүргіздік, жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Енді мал шаруашылығына баса мән беруіміз керек», — деді. Демек, бұдан былай мал шаруашылығын дамыту да өзекті бола түседі деген сөз. Ал кез келген саланы жетістікке жетелейтін күш — адам. Сондықтан мал шаруашылығы саласында еңбек ететін азаматтардың әлеуметтік жағдайына көңіл бөлу — өмір талабы. Шамасы Үкіметте мұны ескерсе керек, биыл 29 шілдедегі отырысында малшы мәртебесінің өсуі, әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандырылуы бағытында тың ұстанымын байқатқан.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мәртебесін көтеру, зейнеткерлік жасты төмендету сияқты бірқатар әлеуметтік қамсыздандырудың кешенді жоспарын ұсынған болатын.

— Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мәртебесі де өсуде, оны жалақыны көтеру, зейнеткерлік жасты төмендету, ауыл тұрғындарының әлеуметтік төлемдеріне ұлғайтылған коэффициентті қолдану есебінен одан әрі көтеру қажет. Ұсынылған шаралар еңбек жағдайларын жақсартуға, жаңа кадрларды тартуға, ауылдағы адамдарды бекітуге мүмкіндік береді, — деген еді вице-министр.

Ал бұл өзгерісті ел-жұрт жақсылыққа балады. Мал шаруашылығына, малшыға жағдай жағасауға ниетті шаруақожалық басшысына субсидия беріп, балашағасының мектепке орналасуы, ЖОО оқуына жеңілдік жасау, қажет болса әскерге жібермей, сол салаға бейімдеу уақыт талабы көрінеді. Бұл мәселелердің шынайы орындалуына Абай облысындағы фермерлер қауым-

дастығы төрағасы Қуаныш Сүлейменов алаңдаулы. Ол дамыған елдер тәжірибесін ескеруді ұсынды.

— Өзім мал шаруашылығымен 20 жылдан астам шұғылданып келемін. 150 бас мал алып кәсіп бастап істеп көрдім. Ветеринар да болып, кейіннен шаруақожалық ісін де жүргіздік. Бүгінде қоғам арасында осы саланың жай-жапсарын айтып, шаруасын күйттеп жүрміз. Қой, жылқы, сиырмен айналысып, жем-шөбін дайындап, одан өнім алу оңай шаруа емес. Малдың соңынан жүрген адам да демалыс бола қоймайды. Бір сәт тыным жоқ. Сол себепті ең әуелі инфрақұрылым жасап, қора-қопсы салып, зейнет жасын төмендетіп қарасқаны — құптарлық іс. Әйтпесе, мал бағу үшін тәуір тұрақ үй керек. Өйткені шаруаның әйел, бала-шағасы қыста тоңып, жазда ыстыққа күйіп жатпауға тиіс. Сол мандағы малшылар қонысына жол салынса, жарық, жылу тартылып, су жеткізіліп тұрса ғана малшының дәрежесі көтеріледі. Мал бағатын адамның айлығы ең жоғары жалақылар қатарында болып, түгел қамтамасыз етілсе, делдал мәселесі реттелсе, ет пен сүт, азық-түлік мәселесі тұрақталар еді. Біз жиі айтатын АҚШ, Аустралияда фермерлік шаруашылықпен шұғылданатын ков-



Еллар КАБА (қолжаз)

пен дәлелденер, ал өзінше, ауылда мал бағып бала-шағасын асырап жүргендер назардан тыс қалып қоймаса екен. Міне, осындай детальдарға назар аударайық. Сонымен бірге, жеке бір саланы бөліп алып, зейнет жасын төмендету үрдісін жіті қарау керек. Өйткені басқа саланың мамандары өз жұмысының қиындығын айтып, ренжімейтіндей етейік. Сондай-ақ компьютердің пернесін басуды білмейтін адам, қайтіп платформаға тікеліп, өзінің малшы статусын ресімдеп, қолдау алмақ? Оның мекеме жағалап, құжат толтырып жүретін уақыты да жоқ қой. Бұл ойлан-

Малшының зейнетке шығуы, балаларының тегін оқуы, әскерден босатылуының мемлекеттік саясатқа айналғаны — қоштарлық бастама. Бұл процесті дұрыстап қолдаған жөн.

жоспардың іске асыру механизмі турасында Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Мал шаруашылығы департаменті директорының міндетін атқарушы Бағлан Аймұрзаевқа хабарласып, жөн-жосығын сұрадық.

— Біз малшылардың статусын көтеруіміз керек. Осыған байла-

саны — 10,8 пайыз. Сондай-ақ агроөнеркәсіптің 40 пайызын мал шаруашылығы береді. Бірақ малшының арнайы мәртебесі, саны, әлеуметтік жағдайы бүгінге дейін нақты ескерілген емес-тұғын. Малшының мәртебесінің көтерілгені ел экономикасына зор септігін берері сөзсіз.

ТЫНЫС

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Ақтөбе облысының білім саласында жаңа ауқымды бастама – «5Б» облыстық жобасы өз жұмысын бастады. Жобаны Ақтөбе облыстық Білім басқармасы ұйымдастырып, оған педагогикалық шеберлік орталығы, Назарбаев зияткерлік мектебі, «Білім-инновация» лицейі және бірқатар серіктес ұйымдар қатысып отыр.



БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

**Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ**

Басты мақсат – білім беру бұйымдарының даму стратегияларын жетілдіру, педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету және оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру. Сонымен қатар жоба аясында мектептердің нақты ахуалына талдау жүргізіліп, әр білім ордасы үшін жеке іс-қимыл жоспарлары әзірленеді. Облыстық Білім басқармасының хабарлауынша, 2025-2028 оқу жылын қамтитын бұл жоба білім мен тәрбие сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға және оқушылардың жетістігін көтеруге бағытталған. Алғашқы кезең 2025-2026 оқу жылында Алға, Ырғыз, Әйтеке би аудандарын және Ақтөбе қаласының 10 мектебін қамтиды. Келесі жылдары өзге аудандар да кезең-кезеңімен қатыстырылмақ.

Аймақта білім сапасын арттыру және мектептердің инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар жоба қолға алынған. Ауыл мектептерінде де білім сапасын арттыру мәселелері назардан тыс қалған емес. 2025-2026 оқу жылында облыс бойынша 446 мектеп жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 12 мектеп 1 қыркүйекте

баеваның айтуынша, өңірде дарынды балалармен жұмыс істеудің қалыптасқан жүйесі бар.

— Қазақстанның беделді Ұлттық ТОП-100 олимпиадалық мектептер рейтингінде облыстың 6 мектебі — облыстық дарынды жасөспірімдерге арналған мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты, Максот Құсайынов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернат, №19 және №25 орта мектептер, Ақтөбе орта мектебі, физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі енді. Облыстың құрама командасы үздік нәтиже көрсетіп, «Ең үздік олимпиадалық команда» атанды. Осы жылы ақтөбелік екі оқушы халықаралық деңгейдегі беделді олимпиадада жеңімпаз атанып, Мемлекет басшысының қолынан марапат алды. Бұл — өңіріміздің білім беру саласындағы үлкен жетістік, — дейді ол.

Ресми деректерге сүйенсек, биылдың өзінде ақтөбелік оқушылар халықаралық, республикалық олимпиадаларда 162 медаль



дыру, 5 мың педагогтің біліктілігін арттыру, білім беру үдерісіне озық технологияларды тиімді енгізген педагогтер мен білім беру мекемелерін қолдау, «Педагогтерге мобильді көмек» облыстық жобасын жалғастыру, мұғалімдердің сапалық құрамын 10 пайызға арттыру жоспарланып отыр.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ — ТЕҢ МҮМКІНДІК КЕПШІ

Мемлекет басшысы биыл қазан айында «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сыңақатерлер» тақырыбында өткен жиында: «Біз қазір түбегейлі өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект бүгінде экономиканың, мемлекеттің басқару жүйесінің, ғылымның, ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындауда», — деп атап өткен болатын.

— Жасанды интеллектің кеңінен пайдалану орталық пен аймақ, қала мен ауыл арасындағы білім алшақтығын қысқартуға қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, бұл — шағын жинақты мектептерге қатысты мәселе. ЖИ технологияларын енгізу ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдау үшін өте маңызды. Біздің мақсатымыз — шын мәнінде

инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл — Әділетті Қазақстан құрудың негізгі алғышарттарының бірі, — деді Президент.

Осы орайда Ақтөбе облысының білім саласында да жасанды интеллект кеңінен қолданыла бастады. Жасанды интеллект арқылы оқушылардың білім деңгейін жеке бақылау, әлсіз тұстарын анықтау, жеке оқу траекториясын құру секілді мүмкіндіктер пайда болды. Облыстың білім беру жүйесін осы өзгерістерге бейімдеу мақсатында жасанды интеллектің енгізу стратегиясы әзірленуде.

Қазіргі дамып келе жатқан Қазақстан қоғамы инклюзивті орта құру бағытында да бірқатар шешімдер қабылдады. Сондай-ақ білім беру саласында инклюзивті білім беру барлық деңгейде балаларды қолдаудың, сүйемелдеудің бірыңғай моделі арқылы жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттің

стратегиялық ұстанымына сай, елімізде бірде-бір ерекше бала назардан тыс қалмауға тиіс.

Өңірде соңғы жылдары ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау бойынша бірнеше ірі жоба жүзеге асырылды. Атап айтсақ, «Ақбота» және облыстық арнайы балабақшаға күрделі жөндеу жүргізілген, 136 орындық «Жұлдыз» жаңа балабақшасы пайдалануға берілген. Қазіргі уақытта тағы екі нысанның құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар дефектологтар мен логопедтердің жетіспеушілігі, ПМПК жұмысының шамадан тыс жүктелуі және кезекте тұрған 501 ерекше қажеттілігі бар баланы арнайы балабақшалармен қамту бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өңірдегі ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін облыс әкімі Асхат Шахаров Ембі қаласында жаңа ПМПК ашу жұмыстарын жеделдетуді, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ мен Ақтөбе гуманитарлық колледжінде арнайы мамандар даярлау бағдарламаларын қайта қарауды және педагогтерді ынталандыру шараларын күшейтуді тапсырды.

Ресми статистикаға сәйкес, өңірде 9 753 мүмкіндігі шектеулі бала тіркелген. Олардың білім алуын қолдау мақсатында

31 арнайы ұйым жұмыс істейді. Олардың ішінде 5 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК), 15 түзету кабинеті, 3 арнайы мектеп және аутисті бар балаларға арналған орталық қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта облыстағы 92 балабақшада 547 инклюзивті топ, ал 347 мектепте 1 070 инклюзивті сынып бар. Онда 3 811 бала білім алуда. Сонымен қатар 189 арнайы педагог пен 450-ден астам көмекші маман еңбек етіп жатыр.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ — ӘР БАЛАҒА

2025-2026 оқу жылында Ақтөбе облысының 405 мемлекеттік білім ошағында оқушыларға тегін ыстық тамақ беріледі. Облыста тегін ыстық тамақпен 70 176 бастауыш сынып оқушысы және әлеуметтік санаттағы 5—11 сыныптарда оқитын 8 560 бала қамтылған. Барлығы — шамамен 79 мың оқушы.

Тамақтануды ұйымдастыруға бюджеттен 8,37 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде 6,66 млрд теңге — бастауыш сынып оқушыларына, 1,7 млрд теңге — әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына бағытталған. Белгіленген стандартқа сәйкес, мектептерде маусымдық екі апталық мәзір енгізілген. Бір баланың күнделікті рационна 665 теңге жұмсалады.

Сондай-ақ облыс көлемінде 16 624 оқушыға қаржылай-материалдық көмек қарастырылған. Бұл мақсатқа 768 млн теңге бөлініп, ата-аналардың есепшоттарына қаржы толығымен аударылды. Орта есеппен әр балаға 46 228 теңгеден тиесілі. Балаларды тасымалдау да назардан тыс қалған жоқ. Қазір 145 автобус қызмет көрсетеді, оның 53-і білім беру ұйымдарының балансында болса, 92-сі жалға алынған. Нәтижесінде, мектептен үш шақырымнан алыс тұратын 12 514 оқушы және мектеп жоқ елді мекендерде тұратын 199 бала тегін тасымалданып отыр.

P.S:

Ақтөбе облысының білім беру саласын заманауи бағытта дамыту үшін қазіргі күні «Облыс мектептеріне «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасы қолға алынып жатыр. Жоба аясында физика, химия, биология пәндері бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру, жаратылыстану-математика пәндері бойынша оқыту моделін STEM-тәсілдер мен педагогтердің тәлімгерлігі негізінде пробациялау жүзеге асырылмақ. Нәтижесінде, педагогтердің кәсіби деңгейі, оқушылардың функционалдық сауаты, пәнге қызығушылығы артады, тиісінше жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасы кемінде 7-10 пайызға көтеріледі деп күтілуде.



қолданысқа берілді. Жаңа оқу жылында 190 мыңға жуық оқушы мектепке барса, оның 10 пайызы, яғни 19 мың мектеп табалдырығын алғаш аттап отыр. Оқушыларға 26 054 педагог сабақ береді. Биылғы оқу жылынан бастап оқу үдерісіне жасанды интеллект элементтерін енгізу қолға алына бастады. Бұл бағытта жасанды интеллектің білім беру жүйесінде қауіпсіз әрі жауапкершілікпен қолдануға мүмкіндік беретін этикалық стандарттар әзірленді.

Облыстық Білім басқармасының басшысы Бұлбұл Күзем-

еншіледі. Олар: 32 алтын, 59 күміс және 71 қола. Өңірдің олимпиадалық қозғалысын алға жетелеп, аты облыстың тарихына алтын әріппен жазылатын ұстаздар қатарында Аян Сәбитов, Ибраһим Бакдәулетұлы, Арайлым Бахрадинова, Анна Задворная сынды педагогтер бар. Олар өз шәкірттерінің табыстарымен өңірдің ғана емес, елдің білім беру саласындағы беделін арттыруға зор үлес қосып келеді.

Жаңа оқу жылында халықаралық олимпиада жеңімпаздарын даярлаған педагогтерді ынталан-

РУХАНИЯТ

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Үлкен ғалым, танымал жазушы, фольклортанушы Оразанбай Егеубаевтың қазақ руханияты мен әдебиетіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Атап айтар болсақ, 2013 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Бабалар сөзі» көптомдығының бес томын жалғыз өзі дайындап берсе, жалынды жыршы Таңжарық Жолдыұлының әдеби мұрасын зерттеп, ол туралы 12 сериялы телефильм және «Тау ұлы», «Көк бөрі немесе тағдыр тәлкегі», «Бұл да бір белес», «Адам, ат, ит» атты роман-повестері мен «Сахара бұлбұлы» қатарлы очерктер жазып қалдырды.

Биыл туғанына 90 жыл толып отырған жанкешті қаламгер-ғалым 1954 жылы алғаш өлкелік «Шинжаң газетінде», соңынан облыстық «Іле газетінде» тілші, редактор, бет жауапшысы қатарлы қызмет атқарды. Дүние шіркін бір орында тұрмайды, саясат өзгереді, өні айналады. Шынжаң өлкесінде болған саяси оқиғалар Оразанбай Жұмағұлұлын айналып өтпеді. 1962 жылы бұл кісіге «шетелмен астасқан кері төңкерісшіл» деген айып тағылып, осы жылдың мамыр айында абақтыға жабылып, ұзақ мерзімге сотталып Тарым түрмесіне айдалады.

Жарықтық өзі туралы жазған естелігінде: «Сот үкімінен кейін мені көмір қазуға жіберді. Жұмыс істеп жүріп опырылып құлаған үйінді астында қалып, жамбас сүйегім сынды. Нәтижесінде, бір аяғы кем болып қалды. Қамау мерзімі аяқталған соң мені шекаралық өлкеде тұруға болмайды деп отбасына оралуыма шектеу қойылғандықтан, туған жеріме кеш оралдым» депті.

Осылай қайта үйірін тапқан тұлға әдеби істермен айналысып, «Мұра» журналының тізгінін ұстады. Басылымды көркейтті, мазмұнын биік деңгейге шығарды. Шынжандық зиялылар арасында Орекеннің аты күні бүгін журналмен қатар айтылады.

Жалпы, Оразанбай ағаның қазақ руханиятына сіңірген еңбегін екі кезеңге жіктеуге болады. Біріншісі очерк, әңгіме, фелетондары болса, екінші кезеңі — фольклорлық мұраларды зерттеуі. Қытайда

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР, ҚАЖЫРЛЫ ҒАЛЫМ



сала бойынша Оразанбай Егеубаевтың есімі әйгілі фольклортанушы Нығмет Мыңжанидан кейін аталады.

Әсіресе, «Мұра» журналы басқарған кезінде ел арасында шашылып жатқан ауыз әдебиет нұсқалары: батырлық дастандардың төрт томын, діни қиссалардың бір томын, ғашықтық жырларының үш томын жинап үлгерді. Бұл дүниелер «Балалар сөзінің» көптомдығына енгізіліп, халықтың игілігіне айналды. Оның сыртында ел аузынан жүзге жуық аңыз-ертегі жинады.

Ғалымның айтуынша, таңжарықтану еңбегі бір төбе. Осы әрекеті үшін ұлтшыл-байшыл-көнешіл деген айып тағылып, 22 жыл айдау көрді. Бірақ сонда да қайтпады. Бұл ісін 2001 жылы атажұрты Қазақстанға оралғаннан кейін тіпті қарқынды, ақын шығармаларының екі томдық толық жинағын жасап, оны «Таңжарық тағылымы» атты зерттеу еңбегімен қоса жариялатты.

Ұзақ жыл айдау көріп, шыныққан фольклортанушы отанына оралған соң көп жыл бөгіліп тұрып, ағытылған бұ-

лақтай сарқырады. Шынжанда жүріп жиып-терген дүниелерін жарыққа шығарды. Яғни, екі еларалық мәдени байланыстарының қоюлауына үлкен дәнекер болды. Қытайдағы қазақтардың мәдениетін, өнерін, әдебиетін қазақстан халқына кеңінен таныстырды. «Жұлдыз», «Парасат», «Алтын бесік», «Атамекен», «Егеменді Қазақстан», «Қазақ елі», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет айдыны» қатарлы басылымдарға ғылыми-танымдық 30-дан астам ғылыми-танымдық мақала жариялап, өзінің өмір тарихы туралы баян «Көкбөрі немесе тағдыр тәлкегі» атты эссе романы мен «Тарымда

зиумдар төрінен оқылып, маман әдебиетшілер тарапынан оң бағасын алды.

Ғалымның еңбегін бағалаған ғылыми орта оны «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапаттаса, жанкешті тұлғаның еңбегін насихаттауға арналған «Ақын мұрасының шырақшысы», «Адамдық айнасы», «Болсайшы әр қазақтың бәрі осындай» атты мақалалар мерзімдік баспасөз беттерінде жарық көрді.

Сөзімізді түйіндеп айтар болсақ, О.Егеубаев қазақ мәдениеті мен өнеріне көрнекті үлес қосқан үлкен ғалым болумен қатар, өзі туып-өсіп, өмір сүрген КХР Мемлекеттік кеңесінің өмір бойы берілетін стипендиясының иегері, Бүкіл Қытай мемлекеттік жазушылар одағының мүшесі, Бүкіл Қытай мемлекеттік фольклоршылар одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ШҰАР-дың ең таңдаулы маманы, Шынжаң Жазушылар одағы мен фольклоршылар одағының мүшесі, аға редактор, профессор, қатарлы мәртебелі абырой биігінен көрінген тұлға.

Орекеннің тағдыр тәлкегіне мойымаған қайыспас қайсарлығы, өз ұлтына, өз халқына деген кіршіксіз адалдығы, әртүрлі жұмысқа шексіз берілген шөгелдігі, кісілік кішпайлдігі, бүкпесіз ашық-жарқындығы, көкжиегі кең ақыл-парасаты, тура бидей әділдігі, адами асыл қасиеттері өз замандастарына, өзінен кейінгі буынға үлгі-өнеге болары анық. Расын айтқанда, бұл кісі көзі тірісінде аты аңызға айналған адам.

Бір дәуірдің жанкешті тұлғасы 2007 жылы 72 жасында өмірден өтті. Жоғарыда атап айтқанымыздай, артына асып-төгілген мұра қалдырды. Жарықтықтың биылғы 90 жылдық датасына орай Алматы қаласындағы тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылып, алдағы күндері ғалымның өлмес мұрасын еске алу мақсатында ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылмақ.

Сали САДУАҚАСҰЛЫ,
Жазушылар одағының мүшесі

Орекеннің тағдыр тәлкегіне мойымаған қайыспас қайсарлығы, өз ұлтына, өз халқына деген кіршіксіз адалдығы, әртүрлі жұмысқа шексіз берілген шөгелдігі, кісілік кішпайлдігі, бүкпесіз ашық-жарқындығы, көкжиегі кең ақыл-парасаты, тура бидей әділдігі, адами асыл қасиеттері өз замандастарына, өзінен кейінгі буынға үлгі-өнеге болары анық.

өткен бір түн» атты повестерін жарыққа шығарды.

Оның сыртында жалпы қазақ әдебиетіне ортақ зерттеулерге жол салды. Атап айтқанда, «Ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері», «С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов — қазақ әдебиетінің классиктері», «Қазақ тілі және оралман» тағы басқа тақырыптарды қамтыған жазбалары халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпо-

ЖЕТІСУ КҮЙЛЕРІН ЖЕТКІЗГЕН ТҰЛҒА

Қазақта «Күй – Құдірет» деген үлкен түсінік бар. Дей тұрғанмен, осы күйшілік өнер мен күйшілік мектепті жан-жақты зерттеп, насихаттап жүрген бірен-саран арнайы мамандар болмаса, көпшілік үшін батыс пен шығыстың, оңтүстік пен солтүстіктің күйшілік өнерінің айырмашылығы жоқ сияқты боп көрінуі мүмкін. Бірақ әр аймақтың өз күйшілері мен күйлері бөлек.

Олардың орындалуы мен ырғағы, көңіл күйі, тақырыбы мен табиғаты сан қилы болып отырады. Күй — домбырамен ғана шығарылмайтын шығарма. Ол — қобыз бен сырнайда, тіпті шаңқобызда да шығарылып орындалатын, адамның көңіл күйін жеткізетін керемет дүние. Ал күйшілік өнер — ол өз алдына бөлек жатқан үлкен ғылым. Қазақ мәдениетінің негізі — күйшілік, жыршылық, айтыс, жыр қиссалар мен дәстүрлі ән өнері. Ғасырдан — ғасырға көшіп, ұрпақтан-

ұрпаққа жетудің аркасында тамырымыз тереңге кетіп, ұлт болып ұйысып отырғанымызды естен шығармауымыз керек.

Биыл Жетісу күйлерін жеткізуші дәулескер күйші, күйшілік өнердің ірі өкілі Омархан Керімқұловқа 90 жыл толып отыр. Ол кісінің ерекшелігі — күй шертуінде Іле, Тарбағатай өңіріне кеңінен тараған Қожекенін, Сыбанқұлдың, Қосдәулеттің, Бестібай, Кәтіп, Тілеміс Манпанның, Әшімнің, Қырғыз Асанәлінің күйлерін



бүгінгі ұрпақпен қайта қауыштырғаны. Жетісу күй өнерінің көрнекті өкілі, майталман шебер виртуозды орындаушы, күйшілікке бейімі бар жас таланттарды да тәрбиелегенін айта кеткен жөн. Ең бір өкініштісі, осы Жетісу жеріндегі күйшілікті дәріптеу өз деңгейінде болмай, кенжелеп қалып отыр.

Ел көгеріп, жер гүлденіп, көңіл көркейіп жатқан шақта 90 жыл бұрын өмірге келген дарынның Құрманғазының жолын қуып құлаш сермеп, қазақ өнерінің көгіне шыққан тұлғаны ұмыту ұрпаққа сын болады. Жетісу күйлерінен үлкен мұра қалдырған абыз ақсакалымызды жастарға дәріптеу — біздің парызымыз. Тіпті, сол қалдырып кеткен шығармаларын өңдеп, консерватория мен музыкалық колледждерде оқытылатын негізгі оқу құралы ретінде қолдануға болады. Ұшқыр қиялдың жетегімен музыка әлеміне сапар шеккен дарынды жастар тек қана күйшілік өнерді меңгеріп, оны орындап қана қоймай, дәулескер күйшілердің артынан еріп келе жатқан рухани қазынаға айналар еді. Жетісу күй жинақтарын құрастырып, қаймана қазаққа өткен күннің белгісіндей, атабабадан қалған сарқыт-мұрасын таныстыру, елімен табыстыру жолында қызмет ету — елім деген әрбір ерге тән дүние.

Нұрбақыт БӨКЕБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мәдениеттану ғылымдарының докторы

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ



Қарашаның басында Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-қа ресми сапармен барған еді. Вашингтонда өткен кездесулер барысында тараптар бірнеше стратегиялық құжатқа қол қойды. Солардың ішінде ең көп талқыланғаны Қазақстанның «Ибраһим (Авраам) келісіміне» қосылуға ниетті екені туралы болды. Бұл келісім нені көздейді, еліміз үшін тың өзгеріс әкеле ме, тәуекелдері қандай?

Әсет ҚАЛИ

Сыртқы істер министрінің мәліметінше, Қазақстан әрдайым Таяу Шығыстағы қақтығыстың халықаралық құқық нормаларына, БҰҰ тиісті қарарларына және «екі халық үшін екі мемлекет» қағидаты негізінде әділ, жанжалды әрі орнықты реттелуін қолдайды.

— Бұл шешім тек Қазақстан мүддесі үшін қабылданды және республиканың теңгерімді, сындарлы, бейбіт сыртқы саясатының сипатына толық сәйкес келеді. Ибраһим келісімдеріне қосылу еліміздің барлық мүдделі мемлекеттермен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етеді, яғни Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына толық сәйкес, — деп жазды Ақорда.

Еуразия ұлттық университетінің саясаттану кафедрасы аға оқытушысы, халықаралық сарапшы Жанат Момынкұловтың сөзінше, Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылуы — күрделі геосаяси жағдайда еліміздің сыртқы саясатын жаңа сапалы деңгейге шығарып, теңгеретін және тәуелсіздікті нығайтатын жаңа кезеңнің бастауы десе болады.

ИБРАҺИМ КЕЛІСІМІ — СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ ЖАҢА ҚЫРЫ

— Ибраһим келісімдерінің мәні — Израиль мен бірқатар араб елдері арасындағы дипломатиялық қатынастарды қалыпқа келтіру туралы тарихи бастама. Келісімдер 2020 жылы АҚШ-тың бастамасымен қабылданып, оған Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейн, Марокко және Судан қосылған. The Economist басылымы, бұл бастаманың Таяу Шығыстағы «қырғи-қабақ кезенді» аяқтап, жаңа экономикалық серіктестік дәуірін ашқанын жазған. Таяу Шығыстан алыстау болса да, зайырлы мұсылман елі ретінде әлемге танылған Қазақстан үшін бұл қадам діни немесе идеологиялық себептерге емес, дипломатиялық және прагматикалық, стратегиялық мақсаттарға негізделген.

Ең басты мақсат — АҚШ, Қытай мен Ресей үштігінен тыс Израиль мен Парсы шығанағы елдерімен экономикалық, технологиялық және инновациялық серіктестікті кеңейту. Бұл ұтымды шешім еліміздің «диалог пен тұрақтылыққа негізделген сыртқы саясатының» табиғи жалғасы болып саналады. Қазақстан өз дипломатиялық ұстанымын айқын білдіріп, халықаралық аренада бейбітшілік әрі дербес ойыншы ретінде көрініп отыр. Бұл, бір жағынан, теңдікті сақтау үшін АҚШ-тың демеушілігімен жүзеге асырылған Трамптың жобасы. Бұл күрделі, саналы, есептелген әрекет көпвекторлы сыртқы саясатымыздың жаңа тарауын ашу дегенді де білдіреді. Қазақстан осы жоба арқылы Батыс пен Шығыс, Орталық Азия мени Таяу Шығыс арасындағы логистикалық көпірлерді мен бейбіт диалог алаңын дамыту-

инвестициялық ниеттің динамикасы арта түседі деген болжам бар. Оның бір мысалы — АҚШ пен Қазақстанның арасында 17 миллиард долларлық инвестициялық келісімнің жасалуы. Бұл Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктеріне деген жаңа қызығушылықтың тууына сеп болады деген сенім ұялатады. Мәселен, технологиялық даму деңгейі өте жоғары Израиль мемлекетінің біздің елге деген серіктестік ыждаһатын оятуға тиіс.

Сонымен бірге, бұл келісімге қосылу арқылы Қазақстан аймақтық кикілжіңдерді реттеу стратегиясының жаңа

ал Иран мен Сауд Арабиясы сақтық танытып, оның аймақтық тепе-теңдікке әсерін мұқият бақылап отыр. Әлемдегі ірі елдер мен дәстүрлі серіктестер бұл қадамды мұқият бақылап отырса да, Қазақстанның саясаты — ешкімге қарсы бағытталмаған, керісінше, өз мүддесін қорғау аясында көпжақты диалог пен өзара әрекеттестікке бағытталған. Астана Палестина мемлекетінің құрылғанын қолдайды және бұл ұстанымында өзгеріс бола қоймас. Ел ішінде де келісімнің маңызы мен мазмұны түсіндіріліп, қоғамда дұрыс түсініктерді қалыптастыру маңызды. Қазақстанның дипломатиялық міндеттемелері әртүрлі тараптардың ұстанымын ескеретін икемді саясат екенін қаперде ұстаған жөн, — дейді Жанат Момынкұлов.

Ал саясаткер Ермұрат Бапидің айтуынша, әзірге бұл бастамаға қосылудың Қазақстан үшін нақты қандай сынтетеуірін тудыратынын болжау қиын. Дегенмен ықтимал сценарийлер бар. Мәселен, Иранның Қазақстанға деген сенімі суып, дипломатиялық қарым-қатынастың салқындау қаупі жоқ емес. Ал мұндай өзгеріс мұнай экспорттау бағытында аса маңызды саналатын Иран — Үнді мұхиты трансделізін дамыту жөніндегі ынтымақтастыққа кері әсер етуі мүмкін.

Бұған дейін Израильдің бұрынғы байланыс министрі Аюб Кара жақында Jewish News Syndicate (JNS) басылымында Қазақстан мен Әзербайжанның «Ибраһим келісіміне» қосылу ықтималдығын саралап, екі елдің Израиль және АҚШ-пен әріптестігін тереңдетуге мүмкіндігі зор екенін жазған еді.

Автордың пайымынша, Қазақстан мен Әзербайжан мұсылман халқы басым болғанына қарамастан, Израильмен ашық әрі белсенді байланыс орнатқан мемлекеттер. Соңғы жылдары аталған елдердің Израильмен қарым-қатынасы стратегиялық деңгейге жетіп, ынтымақтастық экономикалық және қорғаныс салаларына дейін кеңейген.

Осылайша, еліміз бейбітшілік пен өзара түсіністік ұстанымын нақты қадамдар арқылы алға шығарып, күрделі бағыт болса да, өзінің сыртқы саясаттағы ұстанымын жаңа деңгейге көтерді. Ибраһим келісімдеріне қосылу — Қазақстанның жай ғана сыртқы саяси шешімі емес, оның халықаралық тұрақтылыққа үлес қосуға дайын екенінің белгісі.



Бұл бастаманы Орталық Азия елдерінен Қазақстанның бірінші болып қолдауы еліміздің континенттік деңгейдегі лидерлік рөлін арттыра түсері сөзсіз.

да әлемдік процестерге интеграциялануға арқау болатын ірі мемлекет ретінде көрсетуі мүмкін. Оқшау жатқан Орталық Азия аймағын сыртқы әлеммен қосу және нарықтарға ашу деген сөз, — дейді сарапшы.

Кез келген халықаралық не ішкі саяси құжатты жай қағаз ретінде көру әбестік. Мұндай келісімдер елге өзгеріс енгізіп, мүдде, бағыт-бағдарды айқындайды. Саясаткер, Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапидің пайымынша, бұл келісім еліміз үшін экономикалық өсім алып келуі ықтимал.

— Бірінші кезекте, АҚШ тарапынан Қазақстанға деген

ойыншысына айналу мүмкіндігі зор. Ал бұл бастаманы Орталық Азия елдерінен Қазақстанның бірінші болып қолдауы еліміздің континенттік деңгейдегі лидерлік рөлін арттыра түсері сөзсіз, — дейді саясаткер.

Дегенмен де мұндай саяси бастамалардың үлесі көп болса да, түрлі сипаттағы сынағы болуы да мүмкін. Бұл жөнінде халықаралық сарапшы Жанат Момынкұлов келісімге қосылудың аймақтық салдары болуы ықтимал екенін алға тартты.

— Мысалы, Түркия бұл келісімді Қазақстанның «дипломатиялық прагматизмінің белгісі» деп бағалауы мүмкін,

ЭКОСАНА

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында еліміздің барлық өңірінде экологиялық мәдениетті дамытуды көздейтін ауқымды іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып жатыр. Осы бағыттағы бастамалардың біріне айналған «Таза бейсенбі» акциясы Шымкент қаласында да кең қолдау тауып, қала тұрғындарының белсенді қатысуымен дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.



А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Шымкент қаласындағы кезекті тазалық іс-шарасы Еңбекші ауданындағы Жібек жолы көшесі №54 көпқабатты үй ауласында жалғасын тапты. Сенбілікке аудан тұрғындары, коммуналдық қызмет өкілдері, жастар ұйымдарының белсенділері және «AMANAT» партиясының Шымкент қалалық филиалы да қатысып, барлығы бірігіп ауланың көркін жаңартуға атсалысты. Тазалық жұмыстары барысында ауладағы бейберекет коқыс жиналып, қураған және бақылаусыз өскен шөптер оталды. Өскен бұтақтар кесіліп, ағаштардың түбі әктеліп, аула толықтай ретке келтірілді. Бұған қоса, балалар ойын алаңы мен жаяу жүргіншілер жолдары да тазартылып, көше бойы айтарлықтай көркейе түсті. Аудандағы жұмыстардың үйлесімді ұйымдастырылуына атсалысқан Еңбекші ауданы әкімі аппаратының қоғамның орта сапасын дамыту

ЕРІКТІ ЖАСТАР ЕРЕКШЕ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ



бөлімінің бас маманы Жаксылық Атаев іс-шараның негізгі маңызын атап өтті.

— Тазалық тек сенбілікпен шектелетін іс емес. Бұл — әр азаматтың өз қаласына деген сүйіспеншілігінің көрсеткіші. Тұрғындар ауласын таза ұстаса, ол бүкіл қаланың келбетіне әсер етеді. Экологиялық мәдениет

отбасынан, подъезден, ауладан басталады, — деді ол.

Іс-шараға қатысқан «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының өкілдері де тұрғындармен бірге коқыс жинап, ауланы абаттандыру жұмыстарына белсене атсалысты. Олар акцияның мәні тек бір күндік тазалықта емес, тұрғын-

дардың экологиялық жауапкершілігін арттыруда екенін атап өтті. Мұндай тазалық жұмыстары жыл басынан бері 46-шы рет ұйымдастырылып, нәтижесінде 45 тоннаға жуық коқыс шығарылған. Жалпы, атаулы акцияға 3 мыңнан астам азамат атсалысқан. «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов бірінші кезекте «Таза бейсенбі» акциясына ерікті түрде қала тұрғындары үлесін қосып жатқанын жеткізді.

— Президенттің бастамасымен іске асып жатқан «Таза Қазақстан» жобасы — елдің экологиялық әлеуетін ұлғайтудың стратегиялық қадамы. Партия мүшелері ретінде біз бұл іске тек бақылаушы емес, белсенді қатысушы, үлгі көрсетуші болуға тиіспіз.

Бүгінгі «Таза бейсенбі» — тұрғындарды табиғатты қорғауға үндейтін нақты қадам. Тұрғындар өз аулаларын тазартып және тал егумен де айналысып жатыр. Мұның барлығы экологиялық мәдениетті, экологиялық тазалықты қалыптастырады. Біз

барлық азаматтарды өзіміздің қаланы таза ұстауға шақырамыз, — деді Ербол Байқонысов.

Акцияға шымкенттік ерікті жастар да ерекше белсенділікпен қатысты. Олар көпқабатты үйлердің ауласын тазалау, жапсарлас жерлерді абаттандыру, коқыс жинап, ретке келтіру жұмыстарын атқарды. Жастардың белсенділігіне риза болған қала аксақалдары оларға алғыстарын білдіріп, табиғатты қорғау болашақтың кепілі екенін атап өтті. «Жастар Рухы» жастар қанатының қалалық жетекшісі Арсен Дәулетұлы бұл бағытта жастардың рөлі айрықша екенін айта келіп:

— «Таза Шым» тек тазалық акциясы емес, бұл — жастардың елге жанашырлығын дәлелдейтін бастама. Жастар туған қаласы үшін игі істерге араласып, қоғамдық ортаға немқұрайлы қармайтынын көрсетті. Біз мұны дәстүрге айналдырамыз», — деді.

Экологиялық мәдениеттің қалыптасуы — шаһардың әлеуметтік дамуының маңызды көрсеткіші. Әрбір тұрғын өз ауласын таза ұстаса, бұл жалпы қаланың тазалығына, тұрғындардың денсаулығына, өмір сапасына тікелей әсер етеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Таза бейсенбі» акциясы бұдан кейін де жалғаса береді. Тұрғындар арасында экологиялық сауаттылықты арттыру, балалар мен жастарға табиғатты қорғау мәдениетін үйрету бағытында қосымша іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Шымкент қаласы «Таза Қазақстан» ұлттық жобасына қолдау білдіру арқылы экологияны жақсарту ғана емес, тұрғындарды ортақ іске жұмылдырудың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Бұл сенбілік қаланың экологиялық келбетін жақсарту жолындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі ғана.

АЙҚЫНДАМА

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің жатақшаларына төсек-орын жабдықтарын техникалық ерекшелікке сәйкес сатып алу.

Лот №1. Тоқыма бұйымдары (Төсек, жапқыш жиынтығы, жастық, көрпе, перде (күнқағар)).

Сатып алуға қатысу шарттары: Тауарларды жеткізу мерзімі — 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда, соңғы бес жыл ішінде тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

6. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы орындаушы (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген ISO сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары;

9. Басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері (Жеңімпаз болып табылған жеткізуші жеткізілетін тауарлардың үлгісін тапсырыс берушімен келісуі қажет).

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 05.12.2025 ж. (12:00), 201-кабинет.

ОҚУ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

«АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев Арыс қаласына жасаған жұмыс сапарымен барып, инфрақұрылым, жылу беру жүйелері мен әлеуметтік нысандарды аралады. Сапар барысында ол «АМАНАТ» партиясы Арыс қалалық филиалының төрағасы Бақтығали Ділдәбеков, қала әкімінің орынбасары Алмаз Сұлтанов және қалалық мәслихат төрағасы Қайрат Ахметовпен бірге «Отырар» тұрғын ауданында бой көтеріп жатқан жаңа білім ошағының құрылыс қарқынымен танысты. Бұл нысан – «АМАНАТ» партиясының Түркістан облысы бойынша 2023–2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының Жол картасында көрсетілген маңызды әлеуметтік жобалардың бірі.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Жаңа мектеп 600 оқушыға арналып салынуда. Үш қабатты, сәулеті келіскен заманауи ғимарат 4 гектар аумақта орналасқан. Білім ордасы заман талабына сай жабдықталып, болашақ ұрпаққа сапалы білім мен жайлы орта

ұсынуға бағытталған. Мектепте кең және жарық пәндік кабинеттер, технологиялық және шығармашылық шеберханалар, спортзал мен актзалы, жайлы асхана және заманауи спорт алаңдары қарастырылған. Инженерлік инфрақұрылым да толық шешілген. Нысан табиғи газбен жылыту жүйесіне қосылған, қауіпсіздік

талаптарына сай заманауи жүйелер орнатылуда. Қазір абаттандыру жұмыстары қарқын алған. Аумақта демалыс аймақтары, жасыл желектер мен көгалдандыру бұрыштары құрылып жатыр.

Партияның облыстық филиалы төрағасы жетекші партияның басты мақсаты да халықтың өмір сапасын арттырып, балалардың жарқын болашағын қалыптастыру екенін жеткізді.

— Бұл мектеп Арыс балаларына білім, тәрбие және даму үшін қолайлы орта сыйлайды. Құрылыс сапасы — басты назарда. Біздің міндет әр отбасыға қолжетімді сапалы білім беру ортасын жасау, — деді Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Отырар тұрғын ауданында бүгінде 700-ден астам мектеп жасындағы бала бар. Олар ұзақ жылдар бойы көршілес аудандардағы мектептерге қатынап оқып келген. Жаңа білім ордасының ашылуы — ата-аналар мен оқушылар үшін қуанышты жаңалық, үлкен әлеуметтік мәселенің



шешімі. Бұл туралы партияның Арыс қалалық филиалының төрағасы да атап өтті.

«Бұл мектеп — партияның берген уәдесінің айқын орындалуы. Біз әрбір әлеуметтік нысанның сапасын бақылап, халықтың сенімін ақтауға жұмыс істеп келеміз. Мұнда оқушылар қауіпсіз, заманауи және жайлы ортада білім алады», — деді Бақтығали Ділдәбеков.

Оқу орны пайдалануға берілген соң жас өрендер сапалы білім

алып қана қоймай, шығармашылық және спорт бағытында да жан-жақты дамуға мүмкіндік алмақ. «Отырар» тұрғын ауданындағы жаңа мектеп тек білім беру нысаны ғана емес, Арыстың келешек дамуына бағытталған маңызды әлеуметтік жоба. Бұл бастама — мемлекеттің, партияның және жергілікті қоғамның ортақ еңбегінің нәтижесі. Жаңа білім ордасы жуық арада балаларға есігін айқара ашпақ.

Атырауда экологиялық бақылау бар, бірақ нәтиже баяу. Мұнайлы өңірде кәріз жүйесі мен өндіріс қалдықтары мәселесі шешілмей отыр.

Атырау – еліміздің басты мұнайлы аймақтарының бірі. Алайда өңірдің экономикалық дамуы экологиялық қауіп-қатерлермен қатар өрбіп келеді. Қоршаған ортаны қорғау, ағынды суларды тазарту және өндірістік қалдықтарды азайту мәселесі өңірде әлі де өзекті күйінде қалды.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Күні кеше «АМАНАТ» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы Экология жөніндегі аймақтық кеңестің кезекті отырысында дәл осы түйткілдер талқыланды. Кеңес төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Ануарбек Батаев төрағалық еткен жиында экологиялық ахуалды жақсарту жолдары мен өндіріс орындарының жауапкершілігі басты назарда болды.

Облыстық Экология департаментінің мәліметінше, өңірде І санаттағы 83 кәсіпорын тіркелген, олардың жартысына жуығы мұнай-газ секторына тиесілі. Ірі өндірістердің ауаға және суға шығаратын зиянды қалдықтары өңірдің экологиялық балансын бұзуда.

2025 жылдың он айының қорытындысы бойынша экологиялық заңнаманы бұзған 84 дерек анық-

ТАБИҒАТҚА ТАҒЫЛЫҚ КӨРСЕТКЕНДЕР КӨП



талып, кәсіпорындарға 2,3 млрд теңгеден астам айыппұл салынған. Айыппұл салынғандар қатарында «Тенішевстрой», «НКОК», «Ембі-мұнайгаз», «Атырау мұнай өңдеу зауыты», сондай-ақ Karabatan Utility Solutions және ANACO компаниялары бар.

Дегенмен айыппұл төлеу мәселені шешпейді. Сарапшылардың айтуынша, басты проблема — нақты бақылау жүйесінің жеткіліксіздігі мен экологиялық жауапкершіліктің формалды деңгейде қалуы.

Ресми мәлімет бойынша, облыстағы бес ірі кәсіпорын — «Атырау жылу электр орталығы», «Атырау мұнай өңдеу зауыты», «Тенішевстрой», «НКОК» және Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. — қоршаған ортаға шыға-

рындыларды нақты уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізіп жатыр.

Алайда бұл жүйенің барлығы толық қуатында жұмыс істемейді. Мысалы, Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. компаниясы жүйені орнатқанымен, ұлттық деректер банкіне қосылу әлі жүзеге аспаған. «Тенішевстрой» компаниясында да проблемалар бар. Бұл ретте қоғамда сұрақ көп: автоматтандырылған жүйелер нақты жұмыс істей ме, әлде экологиялық есепті «жақсарту үшін» орнатылған формалды құрал ма?

Экологиялық жағдайдың тағы бір осал тұсы — Атырау қаласының сол жағалауындағы кәріздік тазарту қондырғысы (КОС). Нысан

2021 жылы пайдалануға берілгенімен, бүгінде оның мүмкіндігі толық іске аспаған. Жобалық қуаттылығы тәулігіне 70 мың м³ саркынды суды тазартуға есептелген болса да, қазір 15 мың м³ су ғана қабылданауда. Бұл — стансаның толық жүктемемен жұмыс істемей тұрғанын көрсетеді.

«2025 жылғы 27 қыркүйекте КОС-та мұнай өнімдеріне ұқсас заттармен ластану фактісі тіркелді. Бұл оқиға бактериялық ортаны бұзып, тазарту сапасының төмендеуіне әкелген. Тазарту сапасын қалпына келтіру үшін бір айға жуық уақыт қажет болған, ондаған жұмысшы мен арнайы техника жұмылдырылған.

Кейінгі зертханалық бақылаулар нәтижесінде тазарту сапасы

80-85%, жабдықтардың жарамдылығы 95% деңгейінде қалпына келген. Бірақ бұл толық шешім емес. КОС-тың тиімді жұмыс істеуі үшін жүйелі бақылау мен мердігер жауапкершілігін күшейту қажет» дейді «Атырау су арнасы» мекемесінің директорының орынбасары Ғасыржан Лекеров.

Айта кетейік, нысанға қызмет көрсететін мердігер — «Павлодар речной порт» АҚ кепілдік міндеттемелерін орындамай отыр. Әкімдік пен «Атырау су арнасы» мекемесі бірнеше рет ресми хат жолдағанымен, кемшіліктерді жою жұмыстары әлі басталмаған.

Экология кеңесінің төрағасы Ануарбек Батаев жиынды қорытындылай келе кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыру, қалдықтарды басқаруда ашықтық пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Алайда экологиялық ахуал жақсарту үшін тек партиялық бақылау мен айыппұл жеткіліксіз. Сарапшылардың пікірінше, Атырау өңіріне жүйелі экологиялық саясат, нақты жергілікті мониторинг орталығы және ең бастысы — өндіріс пен табиғатты қорғау арасындағы шынайы тепе-теңдік қажет. Атырауда экологиялық бақылау жүргізілуде, цифрлық мониторинг жүйелері орнатылуда, бірақ олардың нәтижелілігіне қоғам сенімі төмен. Кәріздік тазарту қондырғылары мен өнеркәсіп шығарындылары мәселесі — аймақтың басты экологиялық сынағы болып тұр. Егер өндіріс пен билік экологиялық жауапкершілікті сөз жүзінде емес, іс жүзінде арттырмаса, Атыраудың табиғи әлеуеті жыл сайын тозып, экологиялық апат қаупі күшейе түспек.

15 ҚАРАША 2025 | СЕНБІ

Каскадер десе, көз алдымызға бірден экшн фильмдердегі қақтығыс сахналары немесе тарихи картиналардағы қым-қуыт айқастар келеді. Алайда көрерменді баурайтын көркемдік шешімнің, актердің физикалық мүмкіндігін толықтырып көрсететін шынайылықтың негізгі тірегі – каскадерлер. Экран мен актер ойынының үйлесімді симфониясын жасайтын, кадр сыртындағы ерлердің еңбегі бәріне мәлім болғанымен, олардың жетістігі жайлы сирек айтылады. «Әлем мойындаған қазақстандық каскадерлер енді отандық фильмдерге шақырылмайды» деген пікірлер де бар.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Өткен аптада елордамызда ASTANA MEDIA WEEK іс-шарасы ұйымдастырылған болатын. Отандық медиа индустрияны дамыту және іскерлік қатынастарды күшейту үшін жасалған жиында әртүрлі тақырып көтерілді. Соның бірі – каскадерлерді қолдау мәселесі. Ішінде «Марко Поло», «Мулан», «Великолепная семерка» фильмдеріне түскен отандық Nomad Stunts тобының каскадерлерін отандық телеарналар мен ірі компаниялар экшн киноларды, әсіресе кәсіби актерлерді тартуға құлықсыз екені айтылды. Qulaqsal креативті тәуелсіз студиясының бас продюсері Нұртілеу Амангелдінің айтуынша, голливудқа түсіп жүрген Nomad Stunts жігіттерін қазақ сериалдарына түсуге шақырмайды.

– Біздің Nomad Stunts жігіттерін баяғыда әлем мойындап қойған. Кезінде оларды Түркия өзіне шақырды. Енді қазір экшн сериалдарында аттың үстіндегі экшн-сахнаны түсіріп жүр. Шетелдік сериалдар мен фильмдерде полицейлердің мықты, жылдам әрекет ететін физикалық образы көркем көрсетіледі. Олар экшн жанрындағы жобалар арқылы идеологиясы мен құндылықтарын көрерменге әсерлі жеткізеді. Неге елдегі үлкен компаниялар жігіттерді шақырмайды? Біз креативті экономика, индустрия туралы неше жылдан бері айтып келеміз ғой. Енді оларды неге қолдамасқа деген сұрақ туындап отыр», – деген еді жиында.

Бұл – назар аударатын мәселе. Nomad Stunts каскадерлер тобы 2000-жылдардың басында құрылған. Содан бері Голливуд пен әлемдік кино алаңдарында жоғары деңгейлі трюктер орындап жүрген танымал брендке айналды. Өздерінің тарихында тек шетелдік фильмдерде бой көрсетіп қоймай, қазақстандық киноның да көркемдік мазмұнын тереңдетуге үлес қосып келеді. Мәселен, «Томирис», «Көшпенділер», «Орда», «Жау жүрек мың бала» сияқты ірі жобаларға қатысып, ұлттық каскадерлік мектептің шеберлігін дәлелдеді. Олар ежелгі түркі жауынгерлерінің салт-дәстүрін, ат үстіндегі шеберліктерін және күрделі шайқас көріністерін барынша шынайы бейнелеуімен

ерекшеленеді. Топтың ең басты артықшылығы – әрбір трюкті қауіпсіз әрі жоғары деңгейде орындау. Осы кәсібилігі үшін көптеген шетелдік режиссер Nomad Stunts-ты «шығыс жауынгерлерінің рухын бүгінгі заманға жеткізген шеберлер» деп бағалайды.



Осыдан бірнеше жыл бұрын түсірілген бірқатар тарихи киноға түскен Nomad Stunts каскадерлік тобы бүгінде отандық киноға шынымен шақыртусыз қалды ма? Оларды қолдамайтыны рас па? Кадрдың артындағы батырлардың еңбегі елеусіз бе? Осы сауалдарды каскадерлік топты құрушы Жайдарбек Күнғожиновке жолдадық. Бірақ ол мұндай пікірге кереғар көзқараста екенін айтты. Өйткені елімізде түсірілетін фильмнің 90 пайыздан көбіне Nomad Stunts каскадерлері түседі екен.

– Білесіздер, қазір отандық кино жанданып жатыр. Көп түсіріледі. Сәйкесінше, каскадерлерге жүктелген міндет те, сұраныс та артып келеді. Бұрын 2000-жылдарға дейін каскадерлер өте аз болды. Ал қазір жағдай басқа. Қазақстанда түсірілетін киноның бәріне дерлік шақырылады. Каскадердің жауапкершілігі тым жоғары болғандықтан, көп адам келе бермейді. Сондықтан оны оқытатын жер не дайындайтын орталық болмауы керек деп ойлаймын. Біз каскадерлік топ болғандықтан, арнайы орталығымыз бар. Келген қыз-жігіттерге сол жерде үйретеміз, – деді Жайдарбек Күнғожинов.

Жайдарбек Күнғожинов құрған каскадерлер тобы «Томирис» фильміндегі әсерлі трюктері үшін



«КӨРІНБЕЙТІН» қаһармандар

әлемдік деңгейдегі Taurus World Stunt Awards марапатына қол жеткізген еді. Қазір оның командасы кәсіби межені одан әрі биіктетіп, Оскар тұғырынан көрінісінді мақсат етіп отыр.

– Каскадерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндік көп. «Таурис» жүлдесін жайдан-жай алған жокпыз. Әлемнің талай мықтысының ішінен бізді үздік деп таныды. Осыған қол жеткізу арқылы Оскарға жолымыз ашылды. Ол үшін мақсаттан айнамай, соған үздіксіз ұмтылу керек. Күшті жобалар жасап, продюсерлер мен режиссерлерді ең күрделі трюктерді орындауға және оны өзімізге түсіруге рұқсат беруге көндіре білу маңызды, – деді ол.

Nomad Stunts тобында 73 каскадердің сегізі қыздар. Олар каскадерлікке тек шыдамы жететін, ерік-жігері мықты қыздар ғана келе алатынын айтады.

Малика СЕРІК:

– Каскадер болу әр адамға қиын, бірақ қыздарға ерекше тәртіп, күш және психологиялық дайындық керек. Себебі біз бір уақытта әрі мықты, әрі нәзік болуымыз керек. Мен каскадер ретінде әртүрлі трюк орындадым. Соның ішінде биіктен құлау, суға құлау, айқас-сайыс сахналары, отты трюктер, акробатикалық қозғалыстар болды. Сонымен қатар атпен шабу, жылқы үстіндегі трюктер де жасадым. Әр трюк – үлкен дайындық пен жауапкершіліктің нәтижесі. Иә, қыз бала табиғатынан нәзік, бірақ кәсіби

спорт шеберлігіне кандидатпын. Шынымды айтсам, ешқашан кино саласында, оның ішінде каскадер болып жұмыс істеймін деп ойламаппын. Бірақ бәрі өз жолымен келе жатыр.

Бекзат ТЛЕБАЛДИН:

– Каскадердің басты міндеті – фильм, жарнама, шоу сияқты кез келген жобаларда қауіпті трюктерді орындап, актердің ептілігі мен физикалық шапшаңдығын арттырады. Бұл кәсіби дайындықты, дәлдік пен тәртіпті талап етеді. Олай дейтінім, әр қимылын миллиметр дәлдікпен есептеп режиссер талабына сай орындауға тиіс. Өйткені бір ғана қате қозғалыс тек өзіне емес, түсірілім тобына да қауіп төндіруі мүмкін. Трюктерді орындамас бұрын қауіпсіздік жоспары жасалады. Көптеген отандық режиссер мен продюсер кәсіби трюктердің маңызын түсініп, Nomad Stunts жігіттеріне ұсыныс айтты. Мәселен, «Көшпенділер», «Құнанбай», «Ұлы дала таны» сияқты жобаларда каскадерлер жоғары деңгейде өнер көрсетті. Бұл елімізде қолдаудың бар екенін және отандық кино саласында кәсіби трюк мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын дәлелдейді. Көбіне шақырулар кәсіби ұйымдар мен халықаралық фестивальдар арқылы келеді. Каскадер портфолиясы, бейнетрюктері және жұмыстары ескеріліп, студиялар өздері хабарласады. Шетелдік жобалардағы гонарар құны Қазақстаннан бірнеше есе жоғары болғанымен, отандық фильмдерде мақтаныш сезімі мен шығармашылық еркіндігі бар.

Қазақ киносының деңгейі актермен шектелмейді. Тақырыпқа тиек болған каскадерлер де отандық актерлердің, кино деңгейінің қаншалықты жоғары екенін көрсетіп тұр. Кез келген туындыны қызықты ететін әрі жалықтырмайтын да осы «көзге көрінбейтін қаһармандар». Кино да – өнердің заманалы, шоқтығы биік тармағы. Сол тармақта отандық каскадерлер да белес бағындырып жүргенін біле жүріңіз.

дайындық пен дұрыс физикалық жаттығулар ағзаны шынықтырады. Мен денсаулығымды бірінші орынға қоямын: арнайы жаттығулар, созылу, қалпына келу техникасы, массаж – бәрі тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Әрине, кейде көгеру, ауырсыну болады, бірақ мен үшін бұл жұмысымның бір бөлігі. Ең бастысы – қауіпсіздік пен дұрыс дайындық. Мен Номадка 15 жасымда келдім. Каскадер болып істеп жүргеніме 5 жыл болды. Кішкентайымнан дзюдо және акробатика бойынша

«Айқын-Литер» ЖШС қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Күләш АХМЕТОВАНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәнін ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4667
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,